



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҰЛТТЫҚ КИНО ҰЛТТЫҢ ТІЛІНДЕ ҚАШАН СӨЙЛЕЙДІ?!



«Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы 2022 жылғы конкурстың нәтижелерін жариялады. Іріктеуден өткен 62 киножаба енді мемлекеттен қаржылық қолдау алады. Бұл шешім Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы жанындағы Сараптама кеңесінің қорытындысы мен Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия ұсынымының негізінде қабылданған.

Орталықтың мәліметіне қарағанда, биыл ашық қорғауға 204 киножаба қатысқан. Іріктелген өтінімдердің 18-і – толықметражды ойын фильмдері, 19-ы – деректі, 17-сі – қысқаметражды және 8-і – анимациялық фильмдер. Осы арада айта кететін бір жайт, мемлекеттен қаржылай қолдау алатын 62 жобаның 35-і ғана – мемлекеттік тілде жазылып, мемлекеттік тілде түсірілетін фильмдер. Өзгесі – орыс тілінде түсіріліп, содан кейін ғана мемлекеттік тілде дыбысталатын дүниелер.

(Соңы 3-бетте)

## МӘСЕЛЕ

# ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ: АТЫНА ЗАТЫ ҚАШАН ҮЙЛЕСЕДІ?

Қазақстанда 2018 жылдан басталған «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» пилоттық жобасы 2023 жылға дейін сынақтан өтеді деп күтілуде. Бұл пилоттық жоба өз өміршеңдігін дәлелдеген жағдайда, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап республика көлемінде еңгізілуі мүмкін. Жедел желі жұмысына қатысты қоғамда сан түрлі пікір бар. Бірі қолдайды, бірі кемшілігін тізеді. Ендеше, осы көрсетілген кемшіліктер мен олқылықтар назарға алынды ма? Пилоттық жоба барысында қордаланған мәселелер ендігі бес ай мерзімде өз шешімін тауып, жоба күтілген нәтижені ақтай ма?

«112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» 2018 жылғы 14 мамырда сол кездегі ҚР Премьер-Министрінің орынбасары А. Жұмағалиевтің төрағалығымен өткен Кеңесте ҚР Ішкі істер министрлігі, Қызылорда облыстық Ішкі істер департаменті, Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің бірлескен қауіпсіздік саласындағы пилоттық жобасын жүзеге асыру бойынша тапсырмасына сәйкес қолға алынды. Сол кездегі Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, цифрландыру саласына жетекшілік ететін Е.Кимнің төрағалығымен аталған пилоттық жобаны іске қосу үшін жұмыс тобы құрылып, тиісті іс-шаралар жүргізіле бастаған.

Сонымен қатар, «112 – Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметі» пилоттық жобасын өңірлерде ендіру үшін ҚР Ішкі істер министрлігі, ҚР Цифрлық даму және аэроғарыш өнер-

кәсібі, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері арасында 2019 жылы бірлескен бұйрығы бекітілген болатын. Бұл жоба еліміздің Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Атырау және Қызылорда облыстарында жүзеге асырылуда.

Қызылорда облысындағы «112 – БҚДҚ» пилоттық жобасының негізгі мақсаты «101», «102», «103», шұғыл қызметтерін «112» бірыңғай қызмет нөміріне біріктіру.

«112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» пилоттық жобаны Сыр өңірінде 2018-2019 жылдар аралығында кезең-кезеңімен іске асыруға облыстық бюджеттен жалпы сомасы 271 559 000 теңге қаражат бөлінген болатын.

Оның ішінде 2018 жылы 165 309 000 теңге қаражат пилоттық жобаны әзірлеуге, серверлерге арналған бөлмелерді жарактандыруға, компьютерлік және серверлік жабдықтарға, SIP-те-

лефондарға, гарнитураларға, бейнекабырға және «БҚДҚ – 112» жүйесі үшін резервтік үздіксіз қоректендіру сатып алуға және демалыс, ас ішу бөлмелерін жабдықтауға жұмсалды.

2019 жылы 106 250 000 теңгеге Қызылорда облысына «Көмек-112» автоматтандырылған аппараттық жүйесі алынды.

Пилоттық жобаны іске асыруда орын алуы мүмкін келеңсіз жайлар Қызылорда облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, белгілі қоғам белсендісі Серік Теңізбаевтың бастамасымен Қызылорда облысы әкімдігінің мәжіліс залында өткен отырысында қаралды. Облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Ө. Хожбановтың төрағалығымен өткен кеңейтілген мәжіліске ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Б. Кесебаева, ҚР Парламентінің Мәжілісінің депутаты Б. Смағұл, ҚР Төтенше жағдайлар вице-министрі, ҚР ІІМ Ақпараттандыру және байланыс департаментінің басшылығы, ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігінің басқарма басшысы, облыстық Қоғамдық кеңес мүшелері және аталған салаларға жауапты облыстық басқарма, мекеме басшылары қатысты.

(Соңы 4-бетте)

## СҮЙНІШІ

# БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртыса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

### БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

### БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады. Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

### ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!  
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!  
ІСКЕ СӨТ!



## СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ләззат БЕЙСЕКУЛОВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы:

# «МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ЖҮЙЕСІ ДЕ ҚОҒАМНЫҢ ТАЛАБЫНА САЙ ӨЗГЕРУІ ТИІС»

– Ләззат Мұқатайқызы, мемлекеттік қызметке, оның ерекшеліктеріне тоқтала кетсеңіз?

– Жана бағыт, жаңа талап, өзге қоғам. Бұның барлығы мемлекеттік істегі өзгерістерді талап етеді. Мұндай жауапкершілікке көп адам шыдай бермейді.

2022 жылдың I жартыжылдығының қорытындысына қарасақ, мемлекеттік қызметке тұрған 120 азамат өз еркімен жұмысынан кетті. Оның басты себебі – мемлекеттік қызметкерге қойылатын талаптың жоғарылығы, сондай-ақ, әлеуметтік мәселелер, жалақының төмендігі және отбасылық факторлар. Бұл жас кадрлардың мемлекеттік қызметшілердің нығына түсетін талаптарға, шектеулерге және жауапкершілікке дайын еместігін көрсетеді.



(Соңы 5-бетте)

БІТІМ

Тараптардың дауды бітімгершілікпен шешуі – ол қоғамның санасын өзгерту, қоғамда бейбітшілікті және татулықты орнату.

Жылма-жыл адамдардың саны көбейіп, ауылдар мен қалалар өсіп, халқының арасындағы қарым-қатынастары көбейіп келеді, сонымен қатар, осы қатынастардан туындайтын даулардың да саны артауда. Осыған орай дау да көбеюде. Тараптар өздері шешімге келмеген жағдайда сотқа жүгінеді.

Алайда, соттың мақсаты тек шешім шығару емес, басты мақсаты іс бойынша медиативтік татуласу рәсімдерін қолдану, дауласушы екі тарапты да қанағаттандыратын шешімнің нұсқасына қол жеткізу, азаматтардың дауды соттан тыс реттеу институттары арқылы шешу құқығын іске асыруға жәрдемдесу. Осыған



## ЖАҢАРҒАН, ЖАҢҒЫРҒАН ТӘСІЛ

орай, 2011 жылы 28 қаңтарда «Медиация туралы» заң қабылданды. Бүгінде бұл заң өз тиімділігін көрсетіп отыр. Ол қазақтың көне тарихынан, байырғы билік қағидаларынан бастау алған. Тентегін түрмесіз-ақ тәрбиелеген қазақ заңсыз-ақ елдің тыныштығын сақтап, ағайын арасына сызат түсірмеген. Дауласқан тараптарды бітістірудің, келісімге келтірудің шебері болған билер дәстүрі бүгінде жаңарып, жаңғырғаны қуантады. «Медиация туралы» заң – соның нақты дәлелі.

Бұл заң қазақтың қанында бар бітімгершілікті дамытты. Көпшіліктің көкейіндегі сұрақтарға жауап іздегенде, ауыз толтырып айтатын оң нәтижелердің барына көңілің толады.

Сот ғимаратында медиация кабинеттері, арнайы бұрыштар ашылды, әкімдік, ассамблея, кәсіподақ ұйымдарымен бірлесіп отырып медиаторлар жұмысын насихаттаудың, медиативтік келісімге келудің негізі жасалды. Ал Жоғарғы Сот тарапынан «Медиация туралы» заңды насихаттап, тараптарды татуластыру мақсатында қолға алынып жатқан жұмыстар ұшан-теңіз. Жоғарғы Сот медиацияны ілгерілетудің қозғаушы күші десек те болады. Себебі, жоғарыдағы игілікті істердің барлығы сот саласының бастамасымен жүзеге асырылады. Азаматтық процесстік кодекске арнайы тарау енгізіліп, татуластыру тетіктері кеңейді.

2016 жылдың I қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген Азаматтық процесстік кодексіне татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану және азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерін іске асыру мақсатында дауды бейбіт реттеуге ықпал ету көзделген.

«Татуластыру рәсімдері» деген бөлек тарауда медиация тәртібімен дауды шешуге бағытталған бітімгершілік келісімдер мен шарттар жасаудың рәсімдері мен салдарын егжей-тегжейлі реттеу қарастырылады.

Азаматтық процессуалдық кодекс бойынша бітімгершілікке келу және сотқа дейінгі татуластыру шараларын кеңінен қолдануға мол мүмкіндік беріледі және татуластырумен әдеттегідей медиаторлармен қатар ендігі жерде бірінші және апелляциялық сатылардағы судьялар мен адвокаттар да айналысады.

Сот тараптардың татуласуы үшін

шаралар қолданады, дауды процесстің барлық сатыларында реттеуде оларға жәрдемдеседі. Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісім жасап, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.

Татуласу келісімін сот бекітеді. Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот кенесу бөлмесіне кеткенге дейінгі сот талқылауының кез келген сатысында, сондай-ақ сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы мүмкін. Татуласу келісімі басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұза алмайды және заңға қайшы келмейді.

Татуласу келісімі жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері оларда сенімхатта арнайы көзделген татуласу келісімін жасауға өкілеттіктері болған кезде қол қояды. Татуласу келісімі оларды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттарды қамтуға тиіс. Татуласу келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді.

Татуласу келісінде кейінге қалдыру немесе ұзарту мерзімдері көрсетіле отырып, жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, татуласу келісімін мәжбүрлеп орындау туралы шарттар және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттар қамтылуы мүмкін. Егер татуласу келісінде сот шығыстарын бөлу туралы шарт болмаса, олар өзара өтелді деп есептеледі. Татуласу келісімі татуласу келісімін жасасқан тұлғалардың санынан бір дана артық жасалады және оған қол қойылады. Татуласу келісімін бекіткен сот осы даналардың біреуін іс материалдарына қоса тіркейді.

Сот тараптардың татуласу келісімін бекітуі туралы өтінішхатын сот отырысында қарайды. Сот отырысына келмеген және өтінішхатты олардың қатысуынсыз қарау туралы арыз болмаған жағдайда, сот татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты қарамайды. Сот татуласу келісімін

жасаудың құқықтық салдарын ол бекітілгенге дейін тараптарға түсіндіреді.

Сот қарау нәтижелері бойынша татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату не татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Егер татуласу келісімі заңға қайшы келсе немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот оны бекітпейді. Сот татуласу келісімін бекітуден бас тартқан жағдайда, бұл туралы ұйғарым шығарады, ол шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы уәждер апелляциялық шағымда көрсетілуі мүмкін.

Сот актісін орындау сатысында жасалған татуласу келісімі сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы соттың немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған соттың бекітуіне ұсынылады. Татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарымға апелляциялық сатыдағы сотқа шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін.

Сонымен қатар «Сотқа екі тараптың заңды өкілі ретінде маманданған кәсіби заңгердің, адвокаттың қатысуы арқылы бітімгершілікті бекіту белгіленді. Бұл процедура кодексте партисипативтік деп аталады. Сондай-ақ, сот процесінде тараптардың ұсынған кез келген адамы заңды өкіл ретінде сотқа өкілді ете алмайды. Міндетті түрде кәсіби білікті заңгер немесе адвокаттың қатыстырылуы міндеттелді».

Тараптарды процесстің алғашқы кезеңдерінде бітімгершілікке келуге ынталандыру үшін төленген мемлекеттік бажды кері қайтару тәсілдері де көзделіп отыр. Сот процесінде тараптар татуласуы немесе бітімгершілік келісімге келіп жатса, іс бойынша төленген мемлекеттік баж кері қайтарылады. Бұрын мұндай норма болмаған, тараптар татуласқанымен, мемлекетке төленген баж салығы қайтарылмайтын. Тараптардың бітімге келіп, істің бейбіт жолмен шешілуінің өзі материалдық тұрғыдан көмек болмақ.

**Бақытбек ОМАРОВ,**  
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ЖИЫН

## САПА МОНИТОРИНГІ ЖАСАЛАДЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев мемлекеттік органның жартыжылдық жұмысын қорытындылады.

Мәжіліс барысында мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту және халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі басымдықтары айқындалды.

«Мемлекет басшысының Жарлығымен агенттікке жаңа функциялар – мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторинг пен талдау жүргізу, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделеу жүктелді. Бұл жұмыс арнайы әзірленген әдістемені ескере отырып, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау салаларында жүргізілетін болады. Талдау жұмысының нәтижелері Президент Әкімшілігіне 2023 жылғы 20 қаңтарға дейін енгізіледі», – деп атап өтті агенттік төрағасы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңға соңғы түзетулермен «қоғамдық маңызы бар қызмет» деген жаңа ұғым енгізілді, ол үздіксіз негізде жүзеге асырылатын және қоғам өкілдерінің заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталатын болады. Бұдан былай мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудан бөлек, агенттік қоғамдық мониторинг шеңберінде қоғамдық маңызы бар қызметтерді бағалап, оларды ұсыну сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар шығарады.

Бүгінгі таңда қызмет алушылар тарапынан шағымдарды күтпей, қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуына және бас тарту негіздеріне қашықтықтан мониторинг жүргізу жұмысы оң нәтижесін көрсетуде. Бұл қызмет алушылардың шағымдарын күтпей-ақ, тиісті шараларды қабылдауда проактивтілік пен жеделдікті қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қорғау мәселесі және ол туралы ақпараттандыру ерекше маңызға ие болып отыр.

Жыл басында 5 мыңнан астам түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарында 50 мыңға жуық түсіндіру плакаттары мен ақпараттық баннерлер орналастырылды.

Нәтижесінде 111 қызмет алушының құқықтары қорғалып, қалпына келтірілді. Бұл өткен жылдың тура осы кезеңімен салыстырғанда 18% (91), ал 2020 жылмен салыстырғанда 42% (64) артық.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің баспасөз қызметі

ПКІР

## ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін – бас бостандығы және уайым-қайғысыз өмір. Оның кепілі – заң. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер, жалпы айтқанда, зорлықты физикалық қасірет көрсету әрекеті десек, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зәбір көрсетушінің жемтігі ең жақын адамдары. Олар – жұбайы мен балалары. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық – балалардың психологиялық денсаулығы мен жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат. Әйел мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізу – ақпараттық жұмыстарды өткізу бүгінгі таңда аса қажет іс-шара. Зорлық-зомбылық заңда «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасау» деп көрсетілген. Тән азабын шектіру – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым кел-

тіру, тағы басқа да тәсілдер. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін. Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне деген ерік-жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Мұндай зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар. Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Статистикалық мәліметке қарағанда, елде бір жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады екен. Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар бүгінгі таңда жетілдіріліп жатыр. Бұл заңдар адамның қызығушылығын, бостандығын, заңды құқықтарын қорғауға, кепілдеме береді.

**Н.КАНАЕВ,**  
Түркістан облысы бойынша сот сараптамалары институтының жалпы сараптама бөлімінің сарапшысы



КЕСЕЛ

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ДАМЫҒАН ЖЕРДЕ СЫБАЙЛАСТЫҚ ЖОЙЫЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлықты қоғам дерті, ғасыр індеті десек те, әлі күнге оны түп-тамырымен жою мүмкін болмай отыр. Тәуелсіздік жылдарынан бері Қазақстан да өзге мемлекеттер секілді осы ғасыр індетімен тоқтаусыз күресіп келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдар жетілдіріліп, әртүрлі мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалар қабылданды. Ел президенті де өзінің жыл сайынғы халыққа арнаған жолдауында ғасыр індетімен күресті жалпыхалықтық іс-шараға айналдыру мәселесін ортаға салады. Жемқорлық – қай қоғамды болсын, дамытпай, кешеуілдетпей, бүкіл өркеніет құндылықтарын адамзаттан алыстататын зауал.

Жемқорлыққа ұрынған мемлекеттік қызметкер, шенеунік сол саланың имиджін төмендетеді, сол саладағы мамандардың кәсіби біліктілігіне күмән туғызады. Сондықтан өзін-өзі сыйлайтын кез келген сала қызметкері, ең алдымен, тазалыққа, адал қызметке, халықпен қарым-қатынаста биік мәдениетке ұмтылғаны абзал. Соңғы жылдары жасырын емес, мемлекеттік қызметкерлердің имиджі мен олардың беделі көп төмендеді, халық арасында сенімсіздік туындады. Мемлекеттік қызметті паракорлық, жемқорлық ортасы деп қабылдайтындар да болды. Мұның бәрі әр салада кездесетін жемқорлық фактілерінен туындады. Бірақ

заман бір орнында кешеуілдеп қалған жоқ. Ақпараттық технологиялардың дамуы, қоғамның құқықтық тұрғыда сауаттануы, азаматтық қоғамның алға жылжуы жемқорлық мәселесімен күресті едәуір күшейтті. Ендігі жерде халық адал бәсеке, ашық қоғам деген түсініктерге сеніп, соған өз тарапынан атсалысуды үйренді. Соңғы пандемиялық жағдай, елдегі бүкіл мемлекеттік қызметтердің онлайн форматқа, жаңа технологияларға көшуі бұл күресті одан ары күшейтті. Байланыссыз онлайн, электронды формат енді елді ашықтыққа, колжетімділікке жеткізді. Адамның қатынасының электронды формада жүзеге асып жатқан мемлекеттік қызмет көпшілікті мол игілікке жетеледі. Енді кез келген азамат арыз-шағымын, талап-тілегін жазып, электрондық нұсқада бере алатын болды. Жемқорлықтың аясы тарылған сайын, қоғамдық сана, жемқорлыққа қарсы қоғамдық мәдениет те қалыптасты. Бұндай игілік қарапайым азаматтардың кейінгі Үкіметке, билікке деген сенімін нығайтты. Енді азаматтық қоғам өкілдері жемқорлық Қазақстан түсінігіне қызмет етуге болатынын түсінді. Әр адамның жемқорлыққа қарсы өзіндік ой-пікірі бекіп, жемқорлықты жоюға деген құқықтық күресі басталған тұстан әділет пен ашықтық орнықты. Құқықтық мәдениет қа-

зақстандықтардың өміріне көп өзгеріс әкелді. Қарапайым кез келген азамат өзінің жемқорлықсыз қоғам құруға үлесін тигізе алатынына сене бастады. Әлеуметтік желілердің белсенділігі де қазір жемқорлыққа біршама тұсау болды. Сауатты қоғам бар жерде жемқорлықсыз қоғам қалыптасады. Жемқорлыққа төзбеу – жарқын болашақ көрсеткіші. Енді болашақ ұрпақ осындай ашық, әділетті қоғам үшін аянбай еңбек етсе, келешектері кемел болмақ.

**Нұрсұлтан ИБРАИМОВ,**  
Алақол аудандық сотының аға сот приставы

ТУРИЗМ

# БАҒАСЫ АСПАНДАСА ДА, БАБЫ КЕЛІСЕР ЕМЕС

Туризм әлемдік экономикада басты рөлді, жалпы, ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін және әлемдік өндірістің әрбір тоғызшы жұмыс орнын қамтамасыз етеді. Алайда, елдегі бұл нарықтың тасы өрге домалап, өндірісін дөңгелентіп отыр деуге әлі ерте. Оған ішкі туризмнің бүгінгі жай-күйі дәлел. Қазақстандағы бұл нарық қашан дамиды, бағасына қызметі сай туризмді қазақстандықтар қашан көреді? Туризмнің елдегі бүгінгі дамуы мен жай-күйі жайлы біз «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ баспасөз қызметі өкілдерінен сұрадық. Баспасөз қызметінің атынан сөз алған мамандардың пікірі мынадай:



– Еліміздегі туризм саласының деңгейі жылдан жылға дамып келеді. Оған статистикалық көрсеткіштер дәлел. Егер 2019 жылы, пандемияға дейінгі жылда, ішкі туристер ағыны 6,6 млн адамды құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 6,9 млн адамға жетті.

2021 жылы ішкі туристер толқыны 5,1 млн аса адамды құраған. Еліміздің демалыс орындары да туристердің санына сай қызмет сапасын жақсартып келеді. Байқап отырсақ, өңірлердегі демалыс орындарының саны артқан. Бұл көрсеткіш жыл сайын көтерілуде. Қазір, мәселен, олардың саны 3 756, оның ішіне қонақ үй, демалыс үй, мотель, демалыс пансионаты, балалар лагері, бір қабатты бунгало, ауылдық үйлер (шале), туристік база, кемпинг, туристік лагерь, өзге де орналастыру орындарының қатары артты. Әр демалыс орнының сыйымдылығы әртүрлі.

2021 жылдың статистикалық мәліметтеріне үңілсек, бір ғана жаз мезгілінде демалыс орындары жергілікті және сырттан келген туристерге 109 млрд теңгеге қызмет көрсеткен. Бұл пандемияға дейінгі көрсеткіштің 90%-ын құрайды. Пандемиялық жағдай бұл саланы біраз тұралатып кетсе де, соңғы екі жылдағы көрсеткіш әжептәуір көтерілген.

Туристік саланы дамыту мақсатында мемлекет соңғы кездері көп қаражат бөле бастады, әртүрлі арнайы бағдарламалар қабылдады. Мәселен, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қолдаудың 7 жаңа іс-шарасы қолданысқа енді.

Оның ішінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ жүзеге асыратын Kids go free бағдарламасы бар. Яғни көмелетке толмаған жолаушыларды әуеде тасымалдау кезінде туристік өнімге енгізілген билеттің құнын субсидиялайды. Туристік өнім шеңберінде ел ішінде 2-ден 17 жасқа дейін қоса алғандағы балалардың ұшақпен ұшу құнының 100%-ы субсидияланады. Субсидиялау өз есебінен балалар авиабилеттерін сатып алған және туристік өнімді сатқан туристік операторларға төленеді.

Бағдарлама бойынша тегін авиаұшуды алу үшін саяхатшылар туристік операторларға жүгінуі қажет. Бүгінгі таңда бағдарламаны 200-ге жуық бала пайдаланды және туристік пакеттер құрамында 400-ге жуық бала тегін тасымалданды.

Тәжірибе көрсеткендей, әдетте отбасылар екі ересек және екі баланың құрамында жүреді. Бірақ құрамында жеті баласымен саяхаттайтындар да бар.

Айта кететін жайт, бағдарлама бойынша турпакет кем дегенде ұшу және демалыс орындарында (қонақ үй, санаторий және т. б.) тоқтауды талап етеді.

Kids go free аясында отбасылық туристерге Түркістан, Алматы, Маңғыстау бағыттары қызығушылық тудырады.

## Нарық бағаны тұрақтандыра алмай отыр

– Туризм, бір жағынан, ел экономикасының 30-дан астам саласына тікелей немесе жанама әсер ететін нарық болса, екінші жағынан, оларға тікелей байланысты сала. Мысалы, азық-түлік, жанар-жағармай материалдары бағасының өсуі туристік қызметтер бағасының өсуіне әкеледі, олардың құрамдас бөліктері тамақтану және

көлік қызметтері де осындай ауытқымалы жағдайға тәуелді. Сол себепті жыл сайын демалыс орындарының қызмет көрсету бағасы да көтеріліп тұрады. Ұлттық статистика бюросының деректері көрсеткендей, жыл сайын бір төсек-орын бағасының орташа есеппен 6-7%-ға өсуі байқалады. 2021 жылы Қазақстан бойынша бір төсек-орын бағасы 9 171 теңге құрады.

Тұтастай алғанда, ел ішіндегі демалысқа арналған шығыстардың басым бөлігі көлікке, демалыс орындарына тоқтауға және тамақтануға тиесілі екенін атап өткен жөн.

Елдің туристік дестинацияларындағы демалыстың құнына қатысты негізгі курорттық бағыттар бюджеттік және люкстік сегментте де ұсынылғанын хабарлаймыз. Сонымен қатар, туристік қызметтер нарығын талдау көрсеткендей, демалыс орындарының көпшілігі ерте брондау кезінде айтарлықтай жеңілдік ұсынады. Мысалы, жазда Алақолде демалуға жылдың басында брондау кезінде 20 пайызға дейін

үнемдеуге болады. Сонымен қатар, Kids Go Free бағдарламасын қолдансаңыз, онда бюджеттің қосымша 30 пайызын үнемдеуге болады.

## Инфрақұрылымды дамыту маңызды

Бурабай, Алақол, Балқаш, Көлсай, Қайыңды, Шарын, Түрген секілді көрікті жерлердің барлығы аймақтарды дамытуға арналған топ бағыттар тізіміне кіреді. Бұл бағыттардың ең басты мәселелерінің бірі – әрине, туристік инфрақұрылым. 2019 жылдан бастап туристік әлеуеті жоғары аймақтарда 181,1 млрд теңге сомасына қаржыландырумен 98 жоба қамтамасыз етілді, оның ішінде бүгінгі күні 47 жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды.

Бөлінген қаражат жол-көлік және инженерлік инфрақұрылымды ТОП-10 туристік бағытты (Алақол, Бурабай, Баянауыл, Имантау-Шалқар, Балқаш, Маңғыстау курорттық аймақтары, Түркістан, Нур-Сұлтан қалалары, Байқоңыр ғарыш айлағы, Алматы тау кластері) дамытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның ішінде 643,6 км автокөлік жолы, 321,4 км су бұру/кәріз, 291,3 км сумен жабдықтау, 108,6 км электрмен жабдықтау және басқа да жобалар бар.

Атап айтқанда, 2021 жылы 63,5 млрд теңгеге 50 жоба, 2022 жылы 53,4 млрд теңгеге 23 жоба қаржыландырылды, ағымдағы жылы жобаларды қаржыландыруды пысықтау жалғасуда.

Бүгінде көпшілік Түркістан, Жетісу табиғаты, Бурабай мен Баянауылдан басқа туристік жерлерді көп біле бермейді. Бұның бәрі – туризм саласындағы жарнама мен насихаттың жоқтығының көрінісі. Өңір экономикасын дамытып, алыс-жақыннан турист ағылы жататын аймақ жасағысы келетін жергілікті билікке ең алдымен бүгінгі менеджмент маркетингі үйренгені абзал шығар.

Ғани ЕРКІНҰЛЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҰЛТТЫҚ КИНО ҰЛТТЫҢ ТІЛІНДЕ ҚАШАН СӨЙЛЕЙДІ?!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атап айтқанда, бірлесіп шығарылатын «Сны реки» деректі фильмі («Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ) мен кең ауқымды көрермендер аудиториясына арналған «Алматы, я люблю тебя!» көркемсуретті ойын фильмі («Black and White Production» ЖШС) атынан-ақ көрініп тұрғандай, тек орыс тілінде түсірілмек. Әлеуметтік маңызы бар анимациялық фильмдердің қайсысы қай тілде түсірілетінін «Жошы», «Буйрабас», «Тайқазан хикаясы», «Ашина. Легенда о небесных волках», «Оркеш», «Алмалы», «Дерево Амен-ага» деген атауынан-ақ байқауға болады. Бұл жағдайды «Авель», «Операция «Набат», «Олиара», «Лучник», «Беркут», «Гости», «Носорог», «Шу-Ла-Ма», «Солдат любви», «Ароматное сердце», «Айқай», «Тезек», «Талак», «Метро», «Қара қыз», «Жел Токтаған Жер», «Хранитель», «Спутник», «Иноходец», «Ледник», «Жел пайда болған жер», «Той», «Поговори со мной, Маншук...», «Кинолетопись», «Пряники для ее отца, моего прадеда, ее деда», «Арқау-Озоқ», «Аул стратегического значения», «Ева. Батыр-қыз», «Молитва Лейлы», «Великий казахский самоед», «Ошибка», «Киин-Кериш», «Бибигуль Тулегенова – линия Судьбы» деп аталатын «әлеуметтік маңызы бар фильмдер» деп сипатталған жобалардан да аңғаруға болады. Сол сияқты «Мереке», «Возмездие», «Сауға», «Әке», «Клубничная Принцесса», «Сабыр», «Қыр басындағы екеу», «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», «Понча», «Преступник», «Пуговицы», «Сары-өмір», «Дала қорғаушысы», «Сократы», «Кешігіп соққан жел», «Үміт сәулесі», «Защищенное место», «Повилика», «Все на мосль», «Курт», «Абдуллина» сияқты «дебюттік» фильмдерден де көруге болады.

Егер еске түсірер болсақ, «Ұлттық киноны қолдау» мемлекеттік орталығы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №113 қаулысымен «Кинематография туралы» заңды жүзеге асыру мақсатында құрылған болатын. Оның негізгі миссиясы – кинематография саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және отандық киноиндустрияны дамыту үшін жағдай жасау екені орталық сайтында да көрсетілген. Мемлекеттік қаржыландыруды ұсынатын бірінші оператор ретіндегі бұл орталықтың қызметі ұлттық фильмдерді шығару мен ілгерілетуді қолдауға, кинопродакты да-

мытуға және елдегі кинотеатрлар санын арттыруға бағытталуы тиіс болатын. Қызметі ұлттық кинематографияны қолдауға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және отандық фильмдерді Қазақстанда және шетелде танымал етуге бағытталған орталық жұмысына сарапшылар өз бағасын бере жатар. Біздің айтамыз, 2019 жылғы 17, 2020 жылғы 39 киножобаны естіген, көрген адам бар ма?

## Сіз не дейсіз?

Данияр САЛАМАТ, режиссер:

– Ұлттық киноны дамыту үшін, оны, ең алдымен, мемлекеттік тілде түсіру керек қой. Өз басым «Ұлттық киноны қолдау» мемлекеттік орталығының «Біз конкурстан өткен өзге тілдегі киножобаларды да олар түсіріліп болған соң түгел қазақ тілінде дыбыстаймыз» дегенін еш қабылдай алмаймын. Оның өзі қосымша қаржыландыруды талап ететін дүние ғой. Ұлттық кино тек ұлттық тілде ғана түсірілуі керек. Қалған әңгіменің бәрі бос сөз.

Осы уақытқа дейін мемлекет тарапынан қаржылай қолдау тапқан жобалардың саны, естуімізше, аз емес екен. Алайда оның қайсысы Қазақстанда шетелде танымал етуге өз үлесін қосқанын білмейді екенмін. Мүмкін мен көрмеген, естімеген шығармын. Сондықтан конкурстан сүрінбей өтіп, мемлекеттен қаржылай қолдау ғана түсірілуі керек. Қалған әңгіменің бәрі бос сөз.



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ӘЛЕУМЕТ


# КӘСІПКЕРЛІКТІ ҮЙРЕНУ МҮМКІНДІГІ АРТТЫ

Енді кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жаңа форматта қолжетімді болды. Бұл «Бастау бизнес» жобасы аясында жүзеге аспақ. Яғни, өз ісін бастауды жоспарлап отырған қазақстандықтар енді Skills.enbek.kz платформасы арқылы онлайн режимде бизнес жүргізу үшін базалық білім мен дағдыларды ала алады.

«Бастау Бизнес» жобасы 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба арқылы азаматтардың бизнес-бастамаларын қолдаудың мемлекеттік шаралар кешені шеңберінде іске асырылады. Оқу курсына жазылу үшін Business.enbek.kz порталда тіркелу, оқыту шарттарына сәйкестігіне автоматты тексеруден өту қажет. Шарттарға сәйкес болған жағдайда қатысушы Skills.enbek.kz платформаға өтіп, оқуға кірісе алады.

«Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне оқыту онлайн курсына жұмыссыздар, ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер, зейнеткерлік жасқа жетпей жұмыстан қысқартылатын қызметкерлер, жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей кіріс алу мақсатында тауарларды өндіру (өткізу), жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын тұлғалар және (немесе) жұмыс істемейтін жеке кәсіпкерлер, отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті дербес жүзеге асыратын тұлғалар, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен, сату (айырбастау) үшін жеке қосалқы шаруашылықта өнім өндіру жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын тұлғалар, табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өндірістік кооперативтердің мүшелері қатыса алады. Оқыту 14 күнтізбелік күннен аспайды. Әр қатысушы курсы жеке жеке меңгерумен айналысады. Оқу толығымен тегін.

Оқыту бірнеше модуль бойынша онлайн оқыту курсы, қорытынды тестілеу, оқудан өткені туралы сертификат алу кезеңдерінен тұрады. Оқу барысында пайдаланушы бір-



неше сабақтардан тұратын 12 модульден өтуі керек. Әрбір модуль аяқталған соң аралық тестілеу өткізіледі. Келесі оқу модуліне өту үшін қатысушы тестілеуді тапсыру кезінде дұрыс жауаптардың кемінде 70 пайызын жинауы керек. Аралық тестілеуден өту әрекеттерінің саны шектелмейді. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту» онлайн курсы егер қатысушы қорытынды тестілеуді тапсыру кезінде дұрыс жауаптардың 70 пайызыдан астамын жинаған жағдайда үтті деп есептеледі. Дұрыс жауаптардың 70 пайызынан төмен жинаған қатысушыға қорытынды тестілеуден 2 рет қайта өту мүмкіндігі беріледі.

Оқыту қорытындысы бойынша қатысушы бірегей нөмірі бар электрондық сертификат алады. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы сертификаттың қолданылу мерзімі 3 жылды құрайды. «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту онлайн курсынан өткен қатысушылар ұлттық жоба шеңберінде бизнес-идеяларды іске асыруға грант алуға үміткер бола алады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## МӘСЕЛЕ

## ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ:

## АТЫНА ЗАТЫ ҚАШАН ҮЙЛЕСЕДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кенес отырысында пилоттық жоба іске асырылған жағдайда күтілетін нәтижелер сөз болды. «Біріншіден, Қызылорда облысы бойынша шұғыл қызметтердегі 27 диспетчер саны 15-ке қысқарып, жұмыс тиімділігі артты. Екіншіден, азаматтар 112 желісіне қоңырау шалу арқылы әрбір қызметке жеке-жеке қоңырау шалмайды. «101», «102» номерлеріне қоңырау түскен жағдайда автоматты түрде 112 қызметіне түседі. Үшіншіден, келіп түскен қоңыраулардың қажеттілігіне қарай бір мезетте автоматты жүйе арқылы барлық қызмет түрін оқиға орнына кешенді жіберуге мүмкіндік туады. Төртіншіден, GPS арқылы қоңырау шалушы орналасқан орынға ең жақын экипажды немесе бригаданы жолдауға мүмкіндік туады. Бұл көмек көрсету уақытының тиімділігін арттырады. Бесіншіден, автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы шұғыл қызметтердің қоңырауларды қабылдау процесі орталықтандырылып, цифрландырылды. Сондай-ақ әр шұғыл қызметтің жұмыстары ашық түрде жүргізілді», – делінген көпшілікке ұсынылған ақпаратта.

Пилоттық жоба жұмысымен танысып, процесі көзбен көру мақсатында Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-де болдым. Көзге бірінші түскені – 112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметінің «Комек-112» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі «Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері» тізіліміне енгізілсе де, оның арнайы мамандандырылған күзет қызметімен қамтамасыз етілмеуі. Кіремін, шығамын деген адамға ешқандай тосқауыл, «әй» дейтін әже, «қой» дейтін жоқ. Ақпараттық қоғамда ақпараттан артық ресурс жоқ екенін ескерсек, мұндай маңызды нысандарға арнайы күзет қызметі керек-ақ. «Жедел әрекет ету орталығы» КММ директоры Оңдасын Өтебеков: «Бүгінгі күні аталған бағыт бойынша «Жедел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығын құру штатында

ақпараттық қауіпсіздіктің жоғары болуы маңызды. «Транстелеком» АҚ және «Ұлттық Ақпараттық Технологиялар» АҚ және т.б. мекемелерімен жұмыстар жүргізіліп, коммерциялық ұсыныстар алынды. Аталған ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығын құру үшін облыстық бюджет есебінен қаржыландыру мақсатында өтінім берілді», – деді.

Одан бөлек «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-нің облыстық «Медициналық жедел жәрдем стансасы» мекемесі ғимаратының бір бөлігінде отырғаны көңілге қаяу салады. Бұл мәселеге қатысты қазіргі Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасына бірнеше мәрте хат жолданған. Алайда, Экономика және қаржы басқармасы болса, бүгінгі күні бос ғимараттың жоқтығын алға тартады. «103» диспетчерлік қызмет мамандарына біршама жағдай жасалса, қалған қызмет сала операторларының тынығу, тамақ ішу белмелерінің жағдайы сын көтермейді. 2021 жылдың қаңтарынан бастап шұғыл сипаттағы қоңырауларды қабылдау және өңдеу үшін «БКДҚ-112» қызметінің 36 диспетчері төрт ауысыммен 24/7 режимінде 101, 102, 112 шұғыл қызметтерінің қоңырауларын қазіргі уақытқа дейін қабылдауда. Алайда, «112-БКДҚ» қызметінің 01.12.2021 жылдан бастап 103 желісі бойынша қоңырауларды қабылдауды уақытша тоқтатқаны белгілі болды. Бұл жайлы мекеме басшысы: «Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» ШЖҚ КМК 2022 жылдың 7 қаңтарынан бастап жаңа «АДИС» ақпараттық жүйесіне көшуіне байланысты, «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» жобасының «Комек – 112» автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен ықпалдастығы болмауы себепті «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» пилоттық жобасы толыққанды жұмыс жасамай тұр. Аталған мәселе «Комек-112» ақпараттық жүйесі мен «АДИС» ақпараттық жүйесі арасындағы ықпалдастығын (интеграция) жасау арқылы шешілетіндігін жеткізіміз», – деді.

«112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметіне» қабылданған инспектор операторлардың орташа жалақысы

жөніндегі мәліметтер жайлы сұрағанымызда, «Жобаны тиімді іске асыру мақсатында мекемеге диспетчерлік қызметке ҚР Үкіметінің №1193 қаулысына сәйкес, «С-3» (орта буынды медициналық білімі бар қызметкерлердің айлық лауазымдық жалақысы – 72050 теңге) санатымен қабылданады. Бұл өз кезегінде «БКДҚ-112» қызметіне медициналық білімі бар азаматтарды жұмысқа қабылдауда қиыншылық тудырады. Себебі, «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметіне» қабылданған операторлардың орташа жалақысы 100-120 мың теңгені құраса, осы қызмет типтес «жедел жәрдем» стансасының оператор-диспетчерлерінің орташа жалақысы 250-280 мың теңгені құрайды.

Бүгінгі таңда ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «БКДҚ-112» қызметіне қатысты «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» туралы үлгілік ережені бекіту туралы», «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» мен Қазақстан Республикасының аумағындағы кезекшілік-диспетчерлік қызметтердің жұмысын үйлестіру қағидаларын бекіту туралы» құжаттарын дайындауда.

Осыған орай медициналық білімі бар, жоғарғы санатты, тәжірибелі мамандарды «БКДҚ-112» қызметіне тарту және, №1193 қаулысының №5 қосымшасына сәйкес, жалақыны 1,5 есе арттыру мақсатында «Медициналық қызметке лицензия» (консультациялық-диагностикалық көмек, дәрігерге дейінгі кеңес беру) алу талап етіледі», – деп жауап берді «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-нің директоры О.Өтебеков.

Жоғарыда көрсетілген олқылықтарды ескере отырып, «112 – Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі» пилоттық жобасының жұмысының жүйеленуіне ықпал ету үшін әр қызмет сала бойынша бірігіп, жауапты мамандарды көбейту қажет. Осы орайда дана халқымыздың «Бес саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деген ұлағатты сөзін еске салғанымыз келеді.

Әмір-Бек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,  
отставкадағы полиция  
полковнигі

## КОДЕКС

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ –  
ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАСТАУЫ

Еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап сот жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Сот жүйесін жетілдіруде сот ісін ұйымдастырудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз ететін заң нормалары қабылданды. Барлық жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға жол ашады.

Соңғы жылдары қылмыстық процеске елеулі өзгерістер енгізілуде. 2015 жылы қылмыстық-процестік заңнама түбегейлі өзгерген болатын. Өзгерістің ең басты нәтижесі – азаматтарды сергелденге салатын тергеуалды тексеру институты жойылды. Яғни, бұрын қылмыстық туралы арыз, шағым немесе хабарламалар түскеннен кейін, қылмыстық іс қозғалғанға дейін 2 ай бойы тергеуалды тексеру шаралары жүргізілетін. Одан соң қылмыстық іс қозғалып, тағы 2 ай бойы тергеу әрекеттері қайталап жасалатын. Міне, 2015 жылы қабылданған жаңа Қылмыстық-процестік кодекстің басты өзгерісі осы болды.

Бұдан кейінгі жылдары қылмыстық процесі барынша оңтайландыру, жеделдету және процеске қатысушылардың құқығын қорғау бағытында процесік заңнаманы жетілдіру мақсатында бірнеше рет өзгеріс енгізілді.

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру жұмыстары қарқынмен жүргізіліп, соңғы 5 жылда түрмедегілердің саны айтарлықтай азайды.

Бүгінде әр судья сот үкімін оқыған соң, оны тараптарға түсіндіреді. Сот актілерін халыққа түсіндіре бастағалы бері сот шешіміне наразы халықтың



саны айтарлықтай азайған.

Ал соңғы өзгеріс – қылмыстық процесі жүргізудің жаңа моделі, өкілеттіктердің ара жігі нақты ажыратылған үш буынды модель құрылуы. Аталған модель, бірінші кезекте, азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға және олардың қылмыстық процеске негізсіз тартылуын болдырмауға бағытталған.

Үш буынды модельдің бірінші буыны – тергеу органдары, екіншісі – прокуратура, ал үшіншісі – сот. Тергеу органы қылмысты ашады, дәлелдемелер жинайды. Прокуратура атқарылған жұмысқа баға береді, қылмыстық істі сотқа жолдау немесе қайта тергеуге жолдау мәселесін қарайды. Ал сот сол дәлелдемелерге баға бере отырып, үкім шығарады.

Бүгінде жаңа модель жағдайында атқарылған жұмыстың жетістіктері аз емес. Қылмыстық процесітегі азаматтардың конституциялық құқығын бұзу дерегі төмендегені байқалады.

Қылмыстық процесінің үш буынды

моделін енгізу оң өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Жаңа модельдегі цифрлық технологияның, электронды іс жүргізудің артықшылығы аз емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Биыл алқабилер институтын одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санын кеңейту, өлім жазасын алып тастау, Конституциялық сот құру бастамалары үлкен нәтижеге бағытталып отыр. Ендігі жерде кез келген азамат өзінің құқығын қорғау, әділ төрелікті талап ету мақсатында ең жоғары инстанция – Конституциялық соттың шешіміне жүгіне алады.

Жалпы, саладағы әрбір өзгеріске Мемлекет басшысының көңіл бөліп, барлық мәселені тілге тиек етіп отыруының саланы уақыт сұранысына сай жетілуіне айрықша ықпал етіп отырғаны сезілуде.

Асел ДОСАЕВА,  
Маңғыстау аудандық сотының  
судьясы

## КИЕ

КЕҢІСТІКТЕР МЕН  
КЕДЕРГІЛЕР

Қай ұлт болса да, тілі арқылы ғана ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады. Ұлт тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылуы тіл бағының жануы, мемлекеттік тілді білу сол мемлекеттегі әрбір азаматтың борышы саналуы тиіс. Мемлекеттік деңгейде тіл саясатының шешілуі – өте өзекті әрі тың мәселе.

Істі қазақ тілінде жүргізу керек деген мәселе 1997 жылы «Тіл туралы» заң қабылданған сәттен бері жүзеге асуда. Шын мәнінде, мұның бәрі – мүлтіксіз орындалуы тиіс іс-шаралар. Әрі оның сапалы атқарылуы азаматтардың өзіне байланысты.

Әрине, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Жыл сайынғы Президент жолдауларында, стратегиялық бағдарламаларда қазақ тілін қажет тілге айналдырудың негізі жасалып, бағыты көрсетіліп келеді. Алайда, мемлекеттік тілдің қолданысы әлі де біз ойлағандай деңгейде емес. Өйткені, қазақстандық соттарда мемлекеттік тілде қаралатын істер аз. Бұл – республикамыздың көптеген аймақтарында бар мәселе. Өкінішке орай, істердің қай тілде қаралатынын соттар айқындамайды. Сот ісін жүргізу заңнамаларында белгіленгендей, «талап арыз сотқа қай тілде түссе, іс сол тілде жүргізіледі».

Сонымен бірге Қылмыстық-процестік кодекс пен Азаматтық іс жүргізу кодексіне елімізде қылмыстық және азаматтық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні атап көрсетілген. Яғни, заң талаптары айқындалып отырғандай, мемлекетімізде сот ісі қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Орыс және басқа да тілдер қажет болған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Өкінішке орай, кейбір процеске қатысушылар қазақ тілін білмегендіктен, сот ісін өзі жетік білетін тілде жүргізуге мүдделі. Бұдан, әрине, сотта мүддесі қорғалатын азаматтар зардап шегеді. Кейде осындай тілді білмейтін бір адвокаттың кесірінен сот отырысына аудармашы алдырып, әр қатысушының сөзін аударып, әуеге түсуге тура келеді. Ал аудармашының еңбегін мемлекет төлейді. Бұл да бюджетке кәдімгідей шығын. Одан бөлек сот отырысына қатысатын қаншама адам уақыт жағынан ұтылады?

Мемлекеттік тілде қаралатын істер санын көбейту үшін заңға өзгеріс енгізіп, артық талап конондық жағдай жок. Тілге деген құрмет әрқайсымыздың санамызда үнемі жаңғырып тұруы тиіс. Ана тілімізді біз дәріптемесек, кім дәріптейді?

Н.САДЫРКУЛОВ,  
Тараз қаласының мамандандырылған  
тергеу сотының судьясы

## ТАРИХ-ТАРАЗЫ

## КЕМЕЛ КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ

Кез келген бастама Ата Заңда айқындалған ережелермен сәйкес ғана жетістікке жетпек. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық өзінің егемен құқын пайдаланып қабылдаған Конституция қол сұғылмас қасиетке, жоғары заңдық қана емес, рухани-адамгершілік киесіне ие болады, сөйтіп, ол қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудің іргетасына айналады» деген болатын. Сол сенім жетегінде Қазақстан өз дамуының стратегиялық бағдарын айқындап, әлеуеті артқан, азаматтық қоғамның нысандары сомдалған елге айналды. Ата Заңымыз «Мәңгілік Ел» идеясын ақиқатқа айналдыруға бет түзген Қазақстанның айшықты бейнесін бедерлеп қана қоймай, оның әлем аяғындағы беделін даралап көрсетуге әлі де зор ықпалын тигізеді анық. Сондықтан, оның саяси-құқықтық салмағын терең түсініп, құндылығын бағалай білу маңызды.

Қандай мемлекет болмасын, өзінің өмір сүруі үшін заңдарын қалыптастырады. Тарихтан оған жүздеген мысалдарды келтіре аламыз. Қазақ жері де одан кем қалған емес. Бабаларымыз дала демократиясына негізделген «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Өз Тәукеңің «Жеті жарғысын» ұстанды, соны басшылыққа алды. Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1926 жылы қабылданған болатын. Кейін Қазақ КСР-інің Ата Заңы 1937 жылы 26 наурызда кеңестердің бүкілқазақстандық X съезінде қабылданды. Ал, 1978 жылдың 20 сәуірінде IX сайланған Қазақ КСР Жоғары кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында «Кемелденген социалистік қоғам» Конституциясы бекітілді. Бұл Конституция өзгерістермен 1993 жылғы дейін қолданыста жүрді. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған еді. 1995 жылы 30 тамызда өткен референдумда сайлау құқығы бар азаматтардың басым бөлігі жаңа Ата Заңды жақтап дауыс беріп, ол өмірімізге енді.

1995 жылы 30 тамызда егемен еліміздің жаңа Конституциясы қабылдануының тарихи маңызы зор болды. Сол кезде халқымыз мемлекеттігіміздің мазмұнын, құрылымын бекіткен аса маңызды құжатқа дауыс беріп, еліміздің болашақ даму жолын айқындады. Ата заңымыз біздің мемлекетімізді нығайтудың шешуші тетігіне айналды. Елдің бүгінгі өрлеуіне бастау болып, келешек қуатының іргетасын қалады. Конституцияны еліміздің негізгі заңы деп атауымыздың да мәні терең. Шынында да, ол – біздің жетістіктеріміздің негізі, қайнар көзі. Ата заңымыз азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып қана қоймай, әркімге өз әлеуетін іске асыруға жол ашты. Қазақстанның жер байлығын, қойнауының қазынасын халқымыздың пайдасына жаратып, игілігін көруге мүмкіндік берді. Әлеуметтік, экономикалық, саяси үдерістерді реттейтін институттарды құрды, Тәуелсіздігіміздің тірегі ретінде танылды. Әлемдегі кез келген тәуелсіз мемлекеттің ғасырлар бойы өз құнын жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан заңдар жинағы болады. Осындай Ата Заң біздің елімізде де, яғни Қазақстанда да ел тәуелсіздігін нығайту барысында қабылданды. Конституция – тек мемлекеттің ғана емес, қоғам өмірінің жол көрсетушісі.

Биыл Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өтіп, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені өздеріңізге жақсы мәлім. Қоғамның бүгінгі мен болашағы үшін, жалпы алғанда, өз Ата Заңымызды құрметтеп, қорғап және маңыздылығын жоғалтпай сақтауымыз – біздің барлығымыздың, яғни Қазақстан Республикасындағы әрбір азаматтың міндеті мен парызы. Мемлекеттік басқару тетігі Конституция негізінде және соның аясында жұмыс істейді.

Адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп жаттырап, Қазақстанның демократиялық құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасуы, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық қағидаларын мәңгілікке бекітті. Өз кезегінде бұл құндылықтар Қазақстанның ішкі дамуындағы және халықаралық аренадағы жетістіктеріне жол ашты.

Г.САРСЕНБАЕВА,  
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік  
сотының бас маман - сот отырысының хатшысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттік қызметке өзінің болашақ өмірі мен мансабын мемлекеттік қызметпен байланыстыратын адамдар келуі тиіс. Өйткені, мемлекеттік қызмет – бұл жай жұмыс емес, бұл – кәсіп. Сондықтан, жастар мемлекеттік қызмет мектебін бітіріп, онда мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарды игеріп, шектеулер туралы түсінікті саналарына түйіп келуі тиіс. Осы тұрғыда, «Жетісу» мемлекеттік қызмет мектебінің жұмысы мен көмегі орасан зор болмақ.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Токаев өзінің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында жастардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығын ерекше атап өткен. Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы: «Біз адамдардың энергиясына, таланты мен еңбекқорлығына арқа сүйейміз. Әрбір азаматтың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін барынша қолайлы жағдай жасаймыз. Тек осылай ғана біз халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз», – деген болатын.

Бүгінде Президент жұмысшы және шығармашыл жастардың барлық бастамаларын қолдайды. Тек нақты мақсаттар қойып, қажырлы еңбек ету қажет. Осыған байланысты жастар арасында Мемлекеттік қызметтің құндылықтары мен қағидаттарын насихаттау мәселелерінде әріптестікті нығайту мақсатында Алматы облысында 2018 жылғы наурыздан бастап «Жетісу» мемлекеттік қызмет мектебі жұмыс істеп келеді. Мектептің оқытушылар құрамына облыстың жоғары оқу орындарының үздік оқытушылары таңдап алынды. Сондай-ақ «Жетісу» мектебінде ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалының лекторлары және департамент қызметкерлері сабақ өткізеді.

Мектеп ашылғалы бері төрт жылдың ішінде оны бітіріп шыққан 109 студенттің 28-і мемлекеттік қызметке орналасты. Олардың арасында І Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының студенттері бар. Жалпы, осы бағытта аталған жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық орнатылған. Үйлесімді жұмыстың арқасында студенттер мемлекеттік қызметтің құндылықтары мен принциптерін түсінеді, кәсіби құзыреттерді қалыптастырады және біліктілігін арттырады.

Сондай-ақ, ауылдағы мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру, білікті кадрларды тарту мақсатында «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жұмыс істейді. Осы бағдарлама шеңберінде ауылдық жерлерде мемлекеттік қызметте жұмыс істегісі келетіндерге 100 АЕК (306 300 теңге) мөлшерінде қайтарылмайтын қаражат төленеді және тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін 1500 АЕК (4594500 теңге) сомасына ең төменгі пайыздармен кредит беріледі. Осы бағдарлама енгізілген сәттен бастап облыс бойынша 7 адам 30 628 500 теңге мөлшерінде несие алды, 18 адам жалпы көлемі 5 367 400 теңгеге жуық көтерме ақы алды.

**– Елдегі соңғы жылдардағы өзгерістер мемлекеттік қызметшілерге қатысты талапты да күшейтті. Осы ретте, бүгінгі мемлекеттік қызметші бейнесі, оның әдеп нормасы мен қызмет барысындағы қарапайым азаматтармен қарым-қатынасы төңірегінде не айтар едіңіз?**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа арнаған Жолдауында мемлекеттік аппараттың жұмысына жаңаша көзқарас қажет екенін және мемлекеттік қызмет жүйесі іс жүзінде сервистік сипатқа ие болып, қоғамға бағдарлануы үшін түбегейлі өзгерісті талап ететінін атап өткен болатын. Осыған байланысты мемлекеттік аппарат жүйесі де қоғамның талабына сай өзгеруі тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі, кәсіби деңгейі мен олардың адами қасиеттері өзара үйлесім табуы керек. Жаңадан қабылданған Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің бойына осындай құндылықтарды сіңіруге бағытталған. Бұл Кодекс ең алдымен қызметтің әдеп стандарттарын нақтылап, мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді сіңіруді басты мақсат етеді.

Егер бұрынғы Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптар олардың мінез-құлқының негізгі қағидаттарымен бірге қаралып келген бол-



Ләззат БЕЙСЕҚҰЛОВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы:

## «МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ЖҮЙЕСІ ДЕ ҚОҒАМНЫҢ ТАЛАБЫНА САЙ ӨЗГЕРУІ ТИІС»

са, жаңа редакцияда бұл олқылықтар жойылды. Енді мемлекеттік қызметшіге қойылатын әдеп талаптары өз алдына жеке қарастырылады.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызметші іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндетті. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға қол бермеуі тиіс. Міне, осы және өзге де талаптар жаңа редакцияға енгізілді. Сонымен қатар, олар бұрынғыдай қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларын ұстануға және қоғамға жат мінез-құлық танытуына жол бермеуі тиіс.

Дегенмен де әрбір мемлекеттік қызметші бірінші кезекте – сол қоғамның мүшесі. Ол Конституцияда, басқа да заңдарда көзделген құқықтар мен міндеттерге ие мемлекетіміздің азаматы екендігін ұмытпауымыз қажет. Мысалы, мемлекеттік қызметшілерге де қоғамның өзге мүшелері сияқты көңіл көтеруге, демалыс орындарына баруға, белгілі бір хоббиімен айналысуға тыйым салынбаған. Алайда, мемлекеттік қызметші өзінің жауапкершілігін, мәртебесін сезіне отырып, әдеп нормалары шегінен шықпауы тиіс. Бұл мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан тыс уақыттағы жүріс-тұрысы бақылаусыз қалады деген сөз емес. Агенттік пен Әдеп жөніндегі уәкілдердің, сондай-ақ қоғамның тарапынан да бақылау күшеймесе, азаймайды.

Жалпы айтқанда, Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте мәдениетті қарым-қатынасты қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлқының алдын алуға бағытталған.

**– Жаңа Қазақстан бағдарламасы аясында мамандардың біліктілігін көтеру, бәсекеге қабілетті іскер азаматтарды қалыптастыру жобалары облыс көлемінде қалай жүзеге асып жатыр?**

– Президент Жолдауында ұсынылған бірқатар саяси реформа қоғамның қажеттілігі мен сұранысына негізделген. Мемлекет басшысы «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі» деп басты бағдарды анықтап берді. Бұл қоғамдық санаға серпін беріп, елдің ертеңгі күнге сенімін арттыруда.

Мемлекет басшысы атап өткендей, біз «мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз». Ал бұл мақсатқа жету үшін «әрбір адам және бүкіл қоғам, құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс».

Президент «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деп үнемі айтып келеді. Осыған сәйкес, Жаңа Қазақстандағы мемлекеттік қызмет бюрократияға жол бермейтін, сер-

ге сынақ мерзімі тағайындалып, 153 мемлекеттік қызметші тәлімгерлікпен қамтылды, 37 мемлекеттік қызметші тағылымдамадан өтті.

**– Алматы облысы мемлекеттік қызмет мекемесі сапалы, шынайы, әділетті, қолжетімді қызметті қарапайым азаматтарға ұсына алып отыр ма? Қоғамның бүгінгі бет алысын бағамдай отырып, өз мандарыңыздың біліктілігін қалай бағалайсыз?**

– Өзіңіз айтып отырғандай, бүгінгі таңда әрбір мемлекеттік орган өз қызметінде халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, олардың өтініштерін қарап, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы тиіс. Бұл – халық үніне құлақ асатын мемлекеттің ең маңызды белгісі.

Азаматтардың өтініштерін қараған кезде, біз құқықбұзушылықтарды анықтап қана қоймай, сонымен қатар олардың бұзылған құқықтарын қалыпқа келтіруге зор мән береміз.

Егер мемлекеттік қызметтерді көрсету саласына қатысты айтатын болсақ, онда азаматтар бізге көбінесе белгілі бір мемлекеттік қызметтердің заңсыз

Заманауи Қазақстанның мемлекеттік аппараты қоғамның сұраныстарын тиімді қанағаттандырып, әрбір азаматтың өмірін жақсартуға ықпал етуге талпынады. Бұл үшін мемлекеттік қызметшілер жоғары моральдық қасиеттерге, басқарушылық талантқа ие болуы, ыждаһатты және сындарлы болуы, халыққа адал қызмет етуге, өздеріне міндеттемелер мен жауапкершіліктерді алуға дайын болуы тиіс. Осы орайда өзіміздің жұмысымызды одан әрі жалғастырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуді көздейміз.

**– Мемлекеттік қызметшінің ашықтығы әдеп нормалары мен арнайы заңдарда (ҚР мемлекеттік қызметі туралы) тартылып көрсетілген. Осы тұрғыда, мемлекеттік қызметшінің жеке мүлкіне, иелігіндегі дүниелерге қатысты декларация толтыру мәселесі қазір қалай жүзеге асып жатыр? Осы сауал төңірегінде тартысты пікір көп. Бұл мәселедегі ұстанымыңыз қалай?**

– Жалпы, мемлекеттік қызметшілермен кірістер туралы декларация тапсыру – ҚР Қаржы министрлігінің, оның ішінде Мемлекеттік кірістер

комитетінің, оның аумақтық департаменттерінің құзырындағы мәселе.

Ал азамат, мемлекеттік қызметші ретінде менің жеке пікірім: мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде басшылық құрамдағы және саяси мемлекеттік қызметшілердің кірістері ашық, жария түрде болуы қажет деп есептеймін.

Тек шынайы, жария түрдегі мемлекеттік қызмет қана халықтың сеніміне ие болады.

**– Мемлекеттік қызметкерлер өздерін қалай дамытып, қай бағытта іздену керек? Нені оқып, қандай ұстанымда болуы керектігіне қатысты қандай нұсқау берер едіңіз?**

– Әр саналы адам еңбек етіп, өз елінің бір кірпіші болып қаланды мұрат ететіні анық. Соның ішінде мемлекеттік қызметкерлердің мақсаты ерек, міндеті үлкен.

Мемлекеттік қызметке келген әрбір азамат өзінің қоғам алдындағы да, халық алдындағы да зор жауапкершілігін сезінуі тиіс. Өйткені мемлекеттік қызмет дегеніміз – елге, Отанға қызмет ету деген сөз.

Ал осы абыройлы қызметтің мінсіз болуы – ол әр мемлекеттік қызметкердің өз қызметін мінсіз істеуі. Жалпы, кәсіби мемлекеттік аппарат құру жолында да мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігімен қоса адамгершілігі де жоғары деңгейде болуы керек. Өйткені маман қанша білімді болғанмен де, өз еліне жаны ашымайтын болса, онда ол нағыз мемлекеттік қызметкер бола алмайды.

Қазіргі уақытта кез келген азамат жасына, ұлтына қарамастан, мемлекеттік қызметкер бола алады, бірақ ол үшін арнайы үш сатылы сынақтан өтуі қажет. Олар – қарапайым әрі қажетті сынақтар. Яғни, мемлекеттік қызметкердің бойында болуға тиісті жеке қасиеттер мен ҚР заңдарын білуге тест тапсырады. Тесттен өткен үміткер мемлекеттік органдарда конкурсқа қатысады.

Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің абыройы, мемлекеттің беделі. Сол себепті әр мемлекеттік қызметкердің бір қателігі немесе бір жетістігі мемлекеттің қызметін абыройымен өлшенетіндігі білген жөн. Жалпы, мемлекеттік қызметті тек мансап деп қарайтындарды өз қызметін бағаламайтындар дер едім. Себебі, елге қызмет етуден асқан бақыт жоқ. Өз жұмысынан рухани күш алатын маман – қызметте білікті, өмірде бақытты адам деген сөз. Ал білікті маман, бақытты адам өз елінің көркеюі үшін еңбек етері хақ.

**– Шынайы әңгімеңіз үшін үлкен рақмет! Ісіңіз табысты болсын!**

вистік сипатта ұйымдастырылуы керек. Бұл – халықтың талабына сай болу, елдің қажетінен шыға білу деген сөз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет, нақтырақ айтқанда, ондағы іске асырылып жатқан кадр саясаты біршама жоғары деңгейге көтеріліп, жаңартылды. Мемлекеттік қызметтің меритократия қағидатына негізделген мансаптық моделі сәтті іске асырылып келеді. Әрбір мемлекеттік қызметші өзінің біліктілігі, құзыреті, қабілеттері, жетістіктері және өз

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – МЕМЛЕКЕТТІҢ АБЫРОЙЫ, МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕДЕЛІ. СОЛ СЕБЕПТІ ӘР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ БІР ҚАТЕЛІГІ НЕМЕСЕ БІР ЖЕТІСТІГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ АБЫРОЙЫМЕН ӨЛШЕНЕТІНДІГІН БІЛГЕН ЖӨН. ЖАЛПЫ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ТЕК МАНСАП ДЕП ҚАРАЙТЫНДАРДЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАМАЙТЫНДАР ДЕР ЕДІМ. СЕБЕБІ, ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕН АСҚАН БАҚЫТ ЖОҚ. ӨЗ ЖҮМЫСЫНАН РУХАНИ КҮШ АЛАТЫН МАМАН – ҚЫЗМЕТТЕ БІЛІКТІ, ӨМІРДЕ БАҚЫТТЫ АДАМ ДЕГЕН СӨЗ. АЛ БІЛІКТІ МАМАН, БАҚЫТТЫ АДАМ ӨЗ ЕЛІНІҢ КӨРКЕЮІҮШІН ЕҢБЕК ЕТЕРІ ХАҚ.**

лауазымдық міндеттерін адал орындауы есебінен мансаптық ілгерілеу мүмкіндігіне ие.

Атап айтқанда, жыл басынан бері жергілікті атқарушы органдарда өткізілген ішкі конкурстардың қорытындылары бойынша, 146 мемлекеттік қызметші тағайындалса, олардың 61,65%-ы жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды. Бұл адал еңбекті әділ бағалау жұмысының дұрыс арнаға бағытталғанын көрсетеді. Қазіргі таңда Алматы облысында 661-ға жуық мемлекеттік органда 6731 мемлекеттік қызметші еңбек етуде.

Мемлекеттік қызметшілеріміздің сапалық құрамына тоқталсақ, жоғары білімді мемлекеттік қызметшілер саны 6232 бірлікті немесе 92,5%-ды құрайды.

Кадрлық әлеуетті нығайтуға және арттыруға бағытталған, мемлекеттік басқару жүйесіне жоғары білікті жас мамандарды тарту жөніндегі жұмыстар да кең көлемде атқарылууда.

Жыл басынан бері 509 бос және уақытша бос лауазымдарға агенттіктің интернет ресурсында хабарландырулар жарияланып, 330 бос лауазымдар білікті мамандармен толықты.

Сонымен қатар, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын аяқтаған 15 қызметші, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алған 5 қызметші және магистр дәрежесі бар 280 қызметші еңбек етеді.

Тәлімгерлік пен тағылымдама сияқты институттар өздерінің нәтижелілігін көрсетуде. 160 мемлекеттік қызметші-

жұмыс тобының отырысында тыңдалды.

Бұл бағыттағы жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі, әрбір өтініш егжей-тегжейлі зерделенеді және өтініш берушілердің дәлелдеріне тиісті құқықтық баға беріледі.

**– Мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру үшін жалпы жүйеге қандай өзгерістер мен жаңалықтар енгізу керек деп есептейсіз?**

– Мемлекеттік қызметтің ең үлкен кемшілігі – қағазбастылық, жауапкершіліктен жалтару, жайбасарлық. Бұл факторлар мемлекет қолға алған бастамалардың жүзеге асуына тұсау. Қаражат мемлекеттік мекемелердің кабинетін аралап, жетер жеріне жетем дегенше сан түрлі өткелден өтеді. Осыған байланысты жуырда Мемлекет басшысы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Жарлықта жүйелі және қолданбалы шаралар кешені қарастырылған. Бұл шаралардың жүзеге асырылуы мемлекеттік аппаратта шешімдердің қабылдануын жылдамдатады, мемлекеттік органдардағы бірінші басшылардың дербестігі мен жеке жауапкершілігін арттырады, құжат айналымы мен есеп берушілікті қысқартады. Атап айтқанда, жүктелген міндеттерді жылдам жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілерді өздерінің функцияларын заңнамалық деңгейде нақтылап жатпай-ақ қабылдауға құқық беріледі.

Сұхбаттасқан  
Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,  
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Қайырбек ИЛҮЯСОВ, ЗК-169/1 мемлекеттік мекемесінің бастығы, әділет майоры:

«ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП – АБЫРОЙ КЕПІЛІ»

– Қайырбек Есентайұлы, өзіңіз басқарып отырған Қызылорда облысы ҚАЖ департаментіне қарасты ЗК-169/1 тергеу мекемесінде қанша адам жазасын өтеуде? Оларды қоғамға бейімдеу үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр?

– ЗК-169/1 мекемесі тергеу изоляторы болғандықтан, мұнда тергеудегілер, айыпталушылар мен 5 жылға дейін бірінші рет сотталған азаматтар қамауда болады. Мекеме 430 адамға арналған. Бүгінгі таңда 200-ден аса азамат қамауда отыр. Соның ішінде 12-сі – шаруашылық бөліміне қалдырылғандар. Бұл азаматтардың барлығы дерлік мекеме ішінде жұмыспен қамтылған. Олар дәнекерлеуші, ағаш шебері, сылақшы, аспаз, шаштараз, жүк тасушы т.б. жұмыс түрлері бойынша еңбек етіп, әрі жалақыларын алып отыр. Осы жалақыларының 50 пайызы негізінде сот үкімімен шыққан атқару парағы бойынша қарыздарын қайтаруда. Мекеменің арнайы контингенті арасындағы сотталған азаматтарды қоғамға қайта бейімдеу мақсатындағы негізгі жұмысты әлеуметтік психологиялық тәрбие жұмысы бөлімі атқарады. Бөлім қызметкерлері мекемеге келіп түскен қамаудағы әрбір азаматты жеке қабылдап, оларды қоғамға қайта бейімдеу мақсатында ұдайы жұмыс жүргізіп отырады. Сотталғандар жаза мерзімін өтеп шығуға бір ай қалғанда «Қақпа алдындағы кездесу» іс-шарасы өтеді. Бұл іс-шара бостандыққа шығатын азаматтарды қайта әлеуметтендіру мәселесін талқылайтын жиын түрінде өтеді. Яғни, оларға бостан-

дыққа шыққаннан соң, қоғамға кірігіп кетуі үшін бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеу мақсатында ұйымдастырылады. Оған қалалық жұмыспен қамту орталығының, Қызылорда қаласының қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығының мамандары және қалалық пробация қызметінің инспекторлары келеді. Пробация инспекторы жазасын өтеушіге босатылғаннан кейінгі құқықтары мен міндеттері, жүріп-тұру тәртібі бойынша түсінік жұмыстарын жүргізіп, бағыт-бағдар берді. Ал, жұмыспен қамту орталығының маманы, біліктілікті арттыру, жұмысқа орналасу бағдарламалары жайлы айтып түсіндіреді. Осылайша біздің мекемеде бостандыққа аяқ басқан азаматтарды қоғамға қайта бейімдеу мәселесіне қатысты барлық ақпарат беріліп, оларды әлеуметтік бейімдеу үшін барлық жағдайлар жасалады.

– Осы тұста ЗК-169/1 мемлекеттік мекемесінің басты міндеті мен тергеу изоляторындағы ішкі тәртіп туралы айтып өтсеңіз?

– ЗК-169/1 тергеу изоляторы мекемесінің басты міндеті – мекеме қамауындағы азаматтарды күзету, режим тәртібін қарай заң аясында ұстап, заң аясында тағайындалған жазаларды орындау. Ал, ішкі тәртіп бойынша режим және күзет бөлімі айналысады. Мұндағы тәртіп мекеменің кіре берісіндегі фронт-офисіндегі №1 бақылап өткізу бекетіндегі тексерістен басталады. Мұндағы жауапты қызметкерлер жабық мекемеге сырттан келушілерді тінту, тексеру жұмысын

жауапкершілікпен қадағалап отырады. Тінту азаматтардың тарапынан ішке алып өткізуге тыйым салынған заттардың өтіп кетпеуіне жол бермеу мақсатында жүргізіледі. Сондай-ақ, тоқсандық жылдық жоспарларға сай, ішкі камераларда да тінту жұмыстары өтіп тұрады. Сотталғандарға қабылданатын сәлем-сауқатты қабылдау бөлмесіндегі тәртіп тым қатал. Өйткені, сәлем-сауқат әкелетін туыстары тарапынан неше түрлі құйтұрқы әрекеттермен тағам өнімдерінің ішінен тыйым салынған заттар табылып жатады. Бірақ онда жұмыс атқаратын қызметкерлеріміздің қырағылығы мен сақтық шараларын қатаң бақылап, қызметтеріне адалдық пен жауапкершілік танытуы нәтижесінде тыйым салынған заттар өтпейді.

– Сотталғандарды құжаттандыру мәселесі қалай шешіледі?

– Мекемеге келіп түскен азаматтардың құжаттары бойынша мекеменің Арнайы бөлімі жұмыс жасайды. Жыл басынан бері осы бөлім қызметкерлерінің сұранысы негізінде 15 азаматтың мерзімі өткен құжаттары қайта жасалды.

– Жазасын өтеушілермен жұмыс істейтін ҚАЖ қызметкерлеріне қатысты айтылатын сын аз емес. Олардың қызметі қалай бақыланады?

– Иә, ҚАЖ қызметкерінің қоғамдағы имиджі сипатын арттыру бойынша мекеменің кадр саясаты тобы айналысады. Кадр саясаты тобының аға инспекторы мекемеге қабылданған жеке құрам қызметкерлерінің әрқайсысымен жеке-жеке әңгімелесіп, жас қызметкерлердің отбасын аралап, тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік жағдайымен танысады. Бұдан бөлек, жылдық жоспарларына сай әртүрлі лекциялар, кездесулер мен тәрбиелік іс-шаралары өтіп тұрады. Қызметкерлер жүз пайыз бейнетіркешпен қамтылған. Нақтырақ айтсақ, Қызылорда облыстық ҚАЖ департаменті бастығы, әділет подполковнигі Ш. Есенкелдиевтің бастамасымен Қызылорда облыстық әкімдігі ЗК-169/1 тергеу изоляторына 100 бейнетіркеш және 10 портативті радиостанция алынды. Бұған дейін әкімдіктің қолдауының нәтижесінде мекемеге 8 дана бейнебақылау алынған. Бүгінгі таңда бейнебақылау жүйесі арнайы маманның көмегімен №1 бақылап өткізу бекетіне орнатылып, техникалық басқару орталығына қосылған.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ

ТРЕНИНГ

Өмірлік мақсат алға жетелейді

Қызылорда қаласындағы қауіпсіздігі барынша төмен ЗК-169/4 мекемесінде жазасын өтеуші азаматтарға психолог маман «Өмірлік мақсат қою дағдысын қалыптастыру және оңтайлы қарым-қатынасқа бейімдеу» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Басқосуға мүдделестердің «Жігер» қоғамдық бірлестігінің психологы Тлеуова Жаңагүл арнайы келіп қатысты.

Тренингтің мақсаты – сотталғандардың логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру, жаңа қоғамдағы адамгершілік, патриотизм сезімдерін дамыту, сондай-ақ сотталғандардың эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Тренинг барысында сотталғандармен «Есімдер», «Сәлем, бұл мен...», «Өмірлік позиция», «Футболдағы қолтаңба» атты төрт жаттығу түрі өткізілді.

Тренинг соңында қатысушыларға арнаған сөзінде Жаңагүл Тлеуова: «Адамның таңдаған жолы ұлы болмайды, оны ұлы ету тек адамның өз қолында екенін естен шығармай, жақсы-жаман қасиеттерімізді таразылай білгеніміз жөн. Сондықтан өздеріңізді құрметтеп, бір-біріңізге жылы, жақсы сөздер айтып, сабырлы болыңыздар», – деген ойымен бөлісті.

Іс-шараның соңында сотталғандар емін-еркін пікір алмасып, заңгер мен психолог маманға сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

ПРОБАЦИЯ

Сотталғандарға электронды білезік тағылды

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің аудандық, қалалық пробация қызметінің есебіндегі сотталғандарға электронды білезіктер тағылды. Электронды бақылау құралы ең алдымен жаза өтеу тәртібін үнемі бұзып, қайта қылмыс жасаған 32 сотталғанға тағылды.

– Қармақшы аудандық пробация есебіндегі А. есімді азаматқа электронды білезік тағылды. Ол әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен тыс жерге кетіп, бірнеше рет жаза өтеу шарттарын бұзған. Ендігі жерде оны жаза өтеу мерзімі аяқталғанға дейін электронды бақылау құралы арқылы бақылап, күндізгі және түнгі мезгілде қадағалау жұмыстары жеңілдей түспек. Жалағаш аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған келесі сотталған да ҚР ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігімен сот үкімімен кінәлі деп танылып, 3 жыл шартты жазаға сотты болып, пробация есебінде жүріп, тәртіп бұзғаны үшін жаза мерзімі 3 айға ұзартылған. Бұл азаматқа да электронды білезік тағылды. Электронды білезік сотталғандарды бақылау жасауға, тұрғылықты мекенжайын тастап кетпеуге, қайта жасауы мүмкін қылмыстың алдын алуға септігі мол. Білезік тағылған сотталғандарды пробация инспекторлары арнайы планшеттер арқылы бақылайды, егер сотталған жаза өтеу тәртібін бұзса немесе білезікті өздігінен шешуге тырысса, дабыл тәртізді белгі түседі. Білезіктің белбеуі оңайлықпен кесілмейді, ішінде темір сымы бар. Су өтпейді. Қуаты бір жарым күнге дейін жетеді. Сотталғанға құралды сымсыз қуаттандыратын арнайы қуат көзі де берілді. Білезікті таққаннан кейін ол жайында ақпарат компьютерде пайда болады. Қайда барғанын, жүргенін бәрін GPRS арқылы көріп отырамыз. Білезіктер қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, криминогендік ахуалды жақсартуға септігін тигізеді», – дейді пробация қызметіне басшылық жасау тобының аға инспекторы, әділет майоры Сәбиғұл Тлеуова.

Дана ДОСТАНОВА  
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

ІНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚАУІПТІ ДЕРТ

ЗК-169/1 тергеу изоляторында мекеме бастығының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әділет майоры Қайрат Байдүйсенұлы Олжабаевтың ұйымдастыруымен мекеменің жеке құрам және ерікті қызметкерлерінің кезекті жиыны өтті. Онда жеке құрам арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң бұзушылықтарға жол бермеу мәселелері талқыланды.

Басқосуға Қызылорда облысы ҚАЖ департаменті Өзіндік қауіпсіздік тобының аға жедел уәкілі, әділет майоры А.Қиясов пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы Р.Тұрар қатысты. Бас маман Р. Ганиұлы

өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа жататын қылмыстарды санамалап, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы айтып берді. Яғни, қарапайым пара берушілер мен делдалдар үшін салынатын айыппұл мөлшерінің өскендігі мен сотталған жағдайдағы жаза мерзімінің ұлғайтылғандығы жайлы нақты дәлелдер келтірді.

Мысалы, бұрын ҚК-нің 367-б 2- бөлігінде «айтарлықтай пара беру» қылмысы үшін ең жоғарғы санкция 5 жылға бас бостандығынан айыру болса, қазіргі жаңа редакцияға сәйкес, бұл мерзім 7 жылға дейін ұлғайтылып, аталған қылмыстың ауыр құқықтық салдары бар санатқа

жатқызылатынын, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға тыйым салынатындығын баса айтты.

Ал ӨҚТ-нің жедел уәкілі А.Қиясов: «Сыбайлас жемқорлық – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын дерт. Сондықтан бұл дертпен міндетті түрде бәріміз қоғам боп күресуіміз керек», – деп, мекеме басшылығының назарын саладағы сыбайлас жемқорлықты жою бойынша іс-әрекеттерді қатаң бақылауға алып, мекеме қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстарды тұрақты түрде жүргізудің маңыздылығына аударды.

ЗК-169/1 тергеу изоляторының баспасөз қызметі

ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ

Футбол – әлемдегі ең танымал спорт түрі. Сондықтан жастар оған қатты қызығады. Жазғы демалыс кезінде жазалы жасөспірімдердің уақытын қызықты өткізу, жастарды салауатты өмір салтына баулу мақсатында дәстүрлі футбол ойыны өткізіледі.

Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА 155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталғандар арасында Алматы қаласы «Қайрат» футбол клубы ЖШС «Пехлеваниди» академиясының аға бапкері Э.Гасановпен бірлесіп, шағын футболдан жасөспірімдер арасында жолдастық кездесу ойыны өтті. Ойынға «Қайрат» футбол клубы ЖШС-нен 14 жасөспірім және мекемеде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерден құралған «Барыс» командасы қатысты. Ойын қызықты тартысқа толы болды. Ойыншылар бірі-

ФУТБОЛ ТАРТЫСТЫ ӨТТІ



нен бірі аспаса, кем түспейтінін дәлелдеуге тырысып бақты. Спорттық жарысқа 2-жасак сотталғандары белсенді қатысты. Есеп 9:5 ЛА-155/6 мекемесінің «Барыс»

командасы жеңіске жетті. Жұлделі команда марапатталды.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,  
ЛА-155/6 мекемесі

ҚЫЗМЕТ



Жауапкершілік бәрінен жоғары

Қатаң тәртіп, талапшылдық, тазалық пен асқан жауапкершілік – ЗК-169/1тергеу изоляторының Арнайы есепке алу бөліміндегі жұмыс жасайтын қызметкерлердің барлығына тән басты қасиет. «Бұл бөлім немен айналысады, ондағы қызметкерлердің міндеті қандай?» деген сұраққа бөлім бастығы, әділет майоры Ф.Сембаева жауап берді.

– Біздің Арнайы есепке алу бөлімі мекеме қамауында отырған арнайы контингенттердің жеке істерін жүргізу, құжаттары бойынша жұмыс атқарады. Бөлімде 6 қызметкер бар. Оның 4-еуі аттестациядан өткен, 2-еуі – ерікті жалдамалы қызметкер. Бұл қызметкерлер ҚР Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 23 мамырдағы №370 «ҚАЖ Комитетінің тергеу изоляторында ұсталатын адамдардың есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы», 2014 жылғы 22 тамыздағы № 551 «Сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларына өзгерістер енгізу туралы» бұйрықтарын, ҚР заңдарын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді, арнайы есеп бөлімінің қызметін реттейтін ведомствалық бұйрықтар мен нұсқаулықтарды басшылыққа алады. Барлық қызметкерлер бөлім бекітілген лауазымдық міндеттеріне сай қызмет атқарып жүр.

Яғни, сотталғандардың сот үкімі шыққан сәттен бастап бар жеке дерегі осында сақталады. Егер қайта сотқа шақырылған болса немесе сот үкіміне өзгертулер еңсе, рақымшылық жасалса, зан негіздеріне сүйене отырып, барлық құжатты топтастырамыз. Жауапкершілік пен ұқыптылық біздің бөлімге аса маңызды қажет. Өйткені мұнда әр азаматтың тағдырының үкімі кесілген. Сондықтан біз қамаудағылардың құжаттарын толтыруға аса жауапкершілікпен қарап, әр ісімізді тиянақты атқарып жүрміз, – деді бөлім бастығы, майор Ф. Сембаева.

ЗК-169/1 тергеу изоляторының баспасөз қызметі

ДЕНСАУЛЫҚ

# СОЗЫЛМАЛЫ ВИРУСТЫ ГЕПАТИТПЕН АУЫРАТЫНДАР САНЫ 50 МЫҢҒА ЖУЫҚТАДЫ

Жыл сайын БҰҰ жүйесіндегі әлем елдері 28 шілдеде Дүниежүзілік гепатитпен күрес күнін атап өтеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, вирустық гепатит науқасқа ауырсыну мен азап ауырды әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар бауыр жеткіліксіздігі мен созылмалы бауыр ауруын емдеудің жоғары құны – денсаулық сақтау жүйесіне үлкен салмақ түсіреді. Көптеген елдерде бұл ауру бауыр трансплантациясының негізгі себебі болып табылады. Сонымен қатар, созылмалы вирусты гепатит жұмыс қабілеттілігі мен өнімділіктің төмендеуіне әкеледі, ал аурудың соңғы кезеңдерінде емделу кететін шығынды жүздеген мың АҚШ долларымен өлшеуге болады.

ДДСҰ мәліметтері бойынша, гепатитпен әлемде шамамен 2 миллиард адам зардап шегеді. Яғни планетаның әрбір үшінші тұрғыны, 325 миллион адам В немесе С вирустық гепатитпен өмір сүреді. Сондай-ақ жыл сайын 900 мың адам В вирустық гепатитінен қайтыс болады. Кейбір елдерде А вирусты гепатитпен халықтың көпшілігі ауыратын, ал тұрғындардың оннан бір бөлігі – В және С гепатиті вирустарын тасымалдаушылар.

Ұлттық ғылыми онкологиялық орталығының жұртшылықпен байланыс қызметі ұсынған мәліметтерге қарағанда, ресми деректер бойынша, Қазақстанда вирустық гепатит диагнозымен 49 175 ересек науқас диспансерлік есепте тұр. Оның ішінде 23 233 адам С гепатиті диагнозымен, 22 977 адам В гепатиті

диагнозымен, 1 252 адам Д гепатитімен тұр және 5976 адамда бауыр циррозы, 500-ге жуық адамда ГЦК, ХЦК бауыр ісігі бар.

– Вирустық гепатиттің ауыртпалығын ескере отырып, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі бұл аурумен күресуге – алдын алу, скринингтік тексерулер мен емдеуге көбірек көңіл бөледі. Еліміздің түкпір-түкпірінде халықтың вирусты гепатит туралы хабардарлығын арттыру, инфекцияның алдын алу және оның таралуының алдын алу шаралары, халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау, әрбір ересек адамның өз денсаулығы мен балалардың денсаулығы үшін ортақ жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында ағарту жұмыстары жүргізілуде. 2016 жылы ДДСҰ-ның 2030 жылға қарай С вирустық гепатитін жою жөніндегі жаһандық бағдарламасы іске қосылды және Қазақстан Орталық Азия мен ТМД елдерінде осы бағдарламаны жүзеге асыруда мойындалған көшбасшы, – дейді медицина ғылымының докторы, Ұлттық ғылыми онкология орталығының профессоры, GHTG.KZ гастроэнтерологтар мен гепатологтар қауымдастығының президенті, ҚР ДСМ штаттан тыс гепатологы Күлпәш Қалиасқарова. Оның айтуынша, 2018-2022 жылдар аралығында отандық гепатологтар 30 мыңнан астам науқасты С гепатиті вирусынан тазартты. Бұл ретте С гепатитін емдеу тұрғыларықты жері бойынша тегін жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстанда В гепатитіне қарсы вакциналау

бағдарламасы күшті. 1998 жылдан бастап перзентханада бірінші туған күнінде балалар вирустық гепатит инфекциясынан қорғайтын вакцина алады. Республиканың 16 гепатологиялық орталығында скринингтік зерттеулер жүргізілуде. Енді мамандардың басты міндеті – осы дерттің алдын алу шараларының кешенін әзірлеу.

Жалпы, Ұлттық ғылыми онкология орталығында гепатологиялық және гастроэнтерологиялық қызметтің ұлттық үйлестірушісі болып табылатын онкогепатология және гастроэнтерология орталығы да жұмыс істейді. Арнайы мамандандырылған медициналық көмектің барлық түрлерін көрсетеді: көрсеткіштерді (қарсы көрсеткіштерді) анықтау, науқастарды бауыр трансплантациясына дайындау, операциядан кейінгі кезеңде оңалту және терапевтік түзету; биологиялық терапия және ішектің қабыну ауруларының негізгі терапиясын таңдау; созылмалы гепатитке қарсы вирусқа қарсы терапияның ауыр жанама әсерлерін түзету; аутоиммунды және холестастикалық бауыр ауруларының негізгі терапиясын таңдау; декомпенсацияланған бауыр циррозының негізгі терапиясын таңдау; бауырдың пункциялық биопсиясы; өнештің варикозды тамырларын байлау; порталдық гипертензияны түзетудің интервенциялық әдістері. Орталықта ішектің қабыну ауруы бойынша дәрігерлік амбулаториялық және бауыр трансплантациясынан кейін науқастарды бақылау бөлмесі жұмыс істейді.

– Бауыр тінінің қабынуы гепатит

деп аталатынын ескеріңіз. А, В, С, D және E типтері ретінде анықталған бес негізгі гепатит вирусы бар. В және С гепатитінен жыл сайын 1,4 миллион адам өмірмен қоштасады. Жалпы, COVID-19 пандемиясының аясында вирустық гепатиттен қайтыс болғандар саны артты. Бүгінгі күні бұл диагноз өлім-жітімнің ТОП – 10 себебіне кіреді, ал ас қорыту жолдарының аурулары құрылымында бауыр циррозы бірінші орында тұр. Е гепатиті жүкті әйелдердің 20% -ында өлімге әкелуі мүмкін. Бауыр циррозына әкелетін себептердің арасында вирустық гепатит, бауырдың алкогольдік және алкогольсіз майлы зақымдануы, сондай-ақ бауырдың аутоиммунды және метаболикалық аурулары жетекші орын алады, – дейді Ұлттық ғылыми онкологиялық орталығының онкогепатология және гастроэнтерология секторының аға ординаторы Маржан Жанасбаева. Мамандардың сөзіне қарағанда, адамдарды гепатиттен қорғаудың екі жолы бар. Біріншісі – А және В вирустарынан қорғану үшін гигиенаны сақтау. Қан қызында және жыныстық қатынас кезінде сақ болған жөн. Бұл В және С вирустарынан қорғауға көмектеседі. Екіншісі – вакциналаудан өту немесе вирусқа қарсы препараттарды қолдану. Әдетте, вакцина адамды А және В вирустарымен инфекциядан сенімді қорғайды, ал препараттар 95% жағдайда тиімді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ  
«Заң газеті»

# ПАРА АЛҒАНДАР СОТТАЛДЫ

Жақында Петропавл қалалық сотының үкімімен СҚО бойынша КБИ Автомобиль көлігіндегі бақылау бөлімінің бас мамандары Д. Б мен А. С. пара алғаны үшін әрқайсысы 6 жылға бас бостандығынан айырылды.

Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин ҚР ҚПК 200-бабы бойынша ұсынымды талқылау шеңберінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін жағдай жасаған мән-жайлар туралы айтып берді.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында 2021 жылдың қауіп айында инспекцияның бас мамандары «Петропавл-Мамлютка» автожолында жылжымалы көліктік бақылау пунктінде тәуліктік ауысымында болып, тасымалдаушылардың жүк тасымалдау ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру барысында ЖІШС басшысынан, кәсіпорынның жүк көліктерінде кедергісіз қозғалысы мен жалпы қамқорлығы үшін 100 000 теңге сомасында пара алған», – деді Нұрлан Жахин.

Спикердің айтуынша, инспекция қызметкерлері жылжымалы бақылау пункттерінде кезекшілік атқару кезінде видеожетонды немесе мобильдік зияткерлік бақылау құралын пайдаланбаған, олар арқылы аудио-бейнежазба не қызметкерлердің әрекеттері (әрекетсіздігі) тіркеледі.

Ұсынымды қарау нәтижелері бойынша қарамағындағы қызметкерлердің жұмысына ведомстволық бақылаудың жоқтығы үшін инспекция басшысы Р.М. Сейталиев сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Айта кету керек, соңғы үш жылда бұл – көліктік бақылау инспекциясы қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлықтың үшінші фактісі. Бұған дейін бас маман мен бөлім басшысы түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылған болатын.

Өз тілшіміз

## ТАРАТУ

2. «Жосалы Игілік» Корпоративтік қоры, БСН 130640009952, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Рүстембеков көшесі, №4 үй. Тел.: 87710875087.

3. «ТАС ТЕМИР СЕРВИС» ЖШС, БСН 050440014637, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Қадыржанов көшесі. Тел.: 87079836970.

4. «Hurricane Service» ЖШС, БСН 201140010758, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Келіншектау көшесі, 3 үй, тел. +77023348673.

7. «Гүл-Ай-Сән» жеке бала бақша-яслиі ЖШС-і (БСН 140940027903) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Гигант ауылдық округі, Бидайкөл ауылы, Сартай Маханбетов көшесі, 14 үй.

9. «Компания СБК» ЖШС, БСН 190640017865, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Михаэлис көшесі, 24/1, тел.: 87055231874.

10. 29.07.2022 ж. қатысушылар «MASTeR-Invest» ЖШС тарату туралы шешім қабылдады. Несиенгерлердің жазбаша талаптары Алматы қаласы, Ондасынов көшесі, 109 үй мекенжайы бойынша екі ай ішінде қабылданады.

11. «Асылжан-1» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 201140015709, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Мөңке би ауылдық округі, Мөңке би ауылы, байланыс телефоны: 87053804674.

13. ҚР Азаматтық кодексінің 45-бабына сәйкес, құрылтайшысының шешімімен заңды тұлға: «Қазығұл» мекемесі «QAZYGUL» ЖШС-і ретінде қайта ұйымдастырылады. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз қаласы, Тәңірбергенов көшесі, 47. ҚР АҚ 48-бабының 1-тармағына сәйкес, «Қазығұл» мекемесі заңды тұлғаның кредиторларын бұл туралы жазбаша хабардар етуі тиіс. Барлық сұрақтар бойынша келесі байланыс телефондарына хабарласыңыздар: қабылдау бөлімі: +7(72237)30048; бухгалтерия: +7(72237)-3-29-24.

16. «Tang-Nur International LTD» ЖШС, БСН 151240018755, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Ақкент» ықшамауданы, 27 үй, 30 пәтер. Тел.: 87053276051.

## ӨРТУРА

5. «Шымкентцемент» АҚ, БСН 931240000022, «Шымкентцемент» ЖШС қайта құру жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Койкелді батыр көшесі, 22 үй, индекс 160009.

12. Алматы қаласы, Мамыр-2 ықш-н, 13 үй, 63 пәтер мекенжайында тұратын Сулова Татьяна Петровна (ЖСН 510415402838) 11.11.1973 жылы туған, Алматы қаласы, Мамыр-2 ықш-н, 13 үй, 63 пәтер мекенжайы бойынша тұрған, жұмыссыз Черкасова (Сулова) Оксана Александровнаны, хабарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану туралы арызбен Алматы қаласы Әуезов ауданы №2 сотына жүгінді. Черкасова (Сулова) Оксана Александровнаның жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Қуанышбаев көшесі, 44А, тел.: 333-11-96, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, №2 сотына хабарласуын сұраймыз.

17. Теміртау қалалық соты Анохина Екатерина Игоревнаның аз. Кошеев Игорь Сергеевичті, 25.03.1970 ж.т., Ресей, Удмурт облысының тумасы, соңғы мекенжайы: Теміртау қаласы, Абай көшесі (бұрынғы Дамитров), 39 үй, 6 пәтер, қайтыс болған деп тану туралы өтінішін қарастыруда. Жоғарыда аталған азаматтың жүрген жері туралы мәліметті білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Теміртау қаласы, Республика көшесі, 36 мекенжайындағы Теміртау қалалық сотына, судья Г.О. Ондасыноваға хабарласуын сұраймыз.

14. «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС-гі осымен «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС-гін, БСН 220740034583, «Pharmcenter Distribution» ЖШС-не, ЖСН 180440024066, қосу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы кредиторларды хабарлайды. Шағымдар (талаптар) осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, №235 В өнеркәсіптік аймағы учаскесі, пошталық индексі 040706. «Pharmcenter Distribution» ЖШС тапсыру актісіне сәйкес, «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады.

15. «Pharmcenter Distribution» ЖШС осымен «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС-гін, БСН 220740034583, «Pharmcenter Distribution» ЖШС-не, ЖСН 180440024066, қосу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, №235 В өнеркәсіптік аймағы учаскесі, пошталық индексі 040706. «Pharmcenter Distribution» ЖШС тапсыру актісіне сәйкес, «Сити Плюс басқарушы компаниясы» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады.

18. Алматы қаласы МАЭС-ның 28.07.2022 ж. ұйғарымымен «Казхастанская швейная компания «SAT» ЖШС-не қатысты (БСН 170240003768) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, №29Д, корпус А, 2-бөлме, тел.: +7772303033.

## БАНКРОПТЫҚ

8. Нұр-Сұлтан қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 27.07.2022 ж. ұйғарымымен борышкердің өтініші бойынша «АлматыСтройПроект» ЖШС-н (БСН 100240021921) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

Маңғыстау облысының судьялар қауымдастығы мен Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі Маңғыстау облыстық сотының судьысы Айжан Атшыбайқызы Молбаеваның ағасы **Сәду Атшыбайұлы МОЛБАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банкінің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУА

Бірнеше жыл бұрын Шаған әскери гарнизонда қайғылы оқиға орын алды. №22039 мотоатқыштар әскери бөлімінде карантиннен келген 18 жастағы Әділ Сәдуақасовтың екі айдан соң өз белбеуіне асылып қалған денесі табылды.

ҚР ІІМ Тергеу комитеті әскери басқармасының алдын ала болжамы бойынша, сарбаздың өлімі өз-өзіне қол жұмсау салдарынан болған. Алайда Қарағанды қаласында тұратын ата-анасы жалғыз ұлын осы бөлімшенің жасы үлкен әскери әріптестері өлтірді деген сеніммен тергеудің ресми нұсқасына сенбеген. Бұл ретте олар ұлы қызмет еткен бөлімше командирлерін кінәлады. Прокуратураның барлық инстанциясынан өтіп, олар Бас әскери прокурордың жеке қабылдауына қол жеткізді. Ол тыңдай келе, ата-анасының сарбаз Сәдуақасовтың қазасына қатысты арызын басқарма қызметкерлеріне мұқият тексеруді тапсырды. Қайғырған ата-ананы тыныштандыру үшін бас әскери прокурор тергеуді жеке бақылауға алам деп сендірді.

Тапсырма

Аптадағы жедел жоспарды талқылай келе, әскери прокурор Ермеков тергеу бөлімінің аға прокуроры, майор Жұмағалиевке Шаған әскери гарнизонына шұғыл түрде баруды тапсырды. Онда №22039 әскери бөліміндегі өз-өзіне қол жұмсау фактісін тексеруді бұйырды. Қуанбек Жұмағалиевтің «Шаған бізге тиесілі қадағалау объектісі емес» деген қарсылығынан түк шықпады. Полковник Ермеков оның сөзін бөліп:

– Қой, майор. Бұл менің қалауым емес. Бас әскери прокурордың бұйрығы. Сондықтан тапсырманы орында, – деді. Осы сөзден кейін сәл жұмсартып: – Қуанбек, генерал сенім артып отыр, ал сен ше? Өлде бағанды көтеріп отырсың ба? – деді сынай қарап. Амалының жоқтығын түсінген бұл:

– Түсінікті, жолдас полковник. Тапсырманы орындауға рұқсат етіңіз, – деп орнынан тұрды.

– Иә, жол болсын! – деген Ермеков біраз кеңес беруді де ұмытпады.

Бүгін-ертең зейнеткерлікке шыққалы отырған Жұмағалиев неге әлі күнге дейін майор шенінде жүр, бұл бөлек әңгіме. Ол әскери прокуратураға тергеу органынан келген. Кезінде бас әскери прокурормен бірге жұмыс істеген. Бұрынғы тергеуші үшін күні бойы тар кабинетте отырудың өзі ауыртпалық болып, өзі айтқандай, босану үшін жиі ішетін. Соның кесірінен талай қиындыққа тап болды.

Жұмағалиевке әскери қызметшінің өз-өзіне қол жұмсауы бойынша жиналған сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары бас әскери прокуратурадан электронды пошта арқылы келіп түскен. Тексеру материалдарымен, тергеушінің қаулысымен, әскери прокурордың, Қазақстан Республикасының бас әскери прокуроры орынбасарының шешімімен, сот-медициналық сараптамашының қорытындысымен мұқият танысып шықты. Содан кейін куәгерлердің айғақтарын оқыды. Жалпы, аға прокурор әскерге шақырылған азаматтың өмірін қайғылы аяқтауға «біреулер кемектесті» дегеннен басқа бұл құжаттардан маңызды ештеңе таппады. Зорлықпен өлтіру фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды бас тартудың негізділігіне күмәндануға дәлел жоқ.

Қайтыс болған жауынгер Әділ Сәдуақасов өз-өзіне қол жұмсау туралы жазба қалдырмаған. Өз күйзелісі туралы ешкімге айтпаған. Сырын іште сақтап, сарбаздар ұжымынан аулақ жүрген. Отбасында ата-анасының қамқорлығында жалғыз өскені көрініп тұрды. Туыстарына жазған хаттарында, телефон арқылы сөйлескен кезде, ол «қарттар» (жылға тақау әскери борышын атқарып жүрген сарбаздар) тарапынан қорқыту немесе қинау болды деп шағымданбаған. Сарбаздың денесінен бөтен жаракат немесе сызат ізі де табылған жоқ. Бұл – сот-медициналық сараптама қорытындысының шешімі.

Дәретханадағы мәйітті сол бөлімшенің қатардағы сарбазы түнде тауып алған. Іске мойнына солдат белбеуін байлап, ілулі тұрған адамның өзүрлі позициядағы суретінің көшірмесі оқа тіркеліпті. Күзетшілер ештеңені көрмеген, естімеген.

«Белгілі жағдай, постта ұйықтап отырған», – деп ойлады Жұмағалиев. Басқа әріптестердің айғағы «Біз ештеңе көрмедік, ештеңе білмейміз. Көрсетілген уақытта ұйықтадық» деген сарында көшірме сияқты жазылған.

Сараптама жіптен өрілген белдіктен саусақ іздерін таппаған.

«Оларда тіпті әскерилер белбеуіне арналған былғары да жоқ екен, – деп ойлады майор ашуланып. – Былғары белбеу болса, белгі қалар еді». Жалпы айтқанда, тиянақ болар бірде-бір белгі жоқ. Тіпті шаш-тырнақ, жіп те табылмады. Қайтыс болған Сәдуақасовқа әскерден қайтатын сарбаздар «дембельдердің» немесе бір жыл борышын атқарған «қарттардың» қорқыту оқиғасы орын алғанын ешкім растамады.

Тергеуге дейінгі тексеру материалдарында Сәдуақасовтың ата-анасына жіберген хаттарының көшірмесі ғана болған. Бір қысыңсыз нәрсе бар. Үйден келген хаттарды негізінен анасы жазған. Тергеушілер Сәдуақасовтың тұмбочкасын тексеру кезінде оларды таппаған. «Хаттар қайда кетті?» – майорды мазалаған сұрақтың бірі осы.



СУИЦИЦИД

«Бір белгілісі, әрбір сарбаз үйден алған хаттарды көзінің қарашығындай сақтады. Бос уақытында оларды жиі қайталап оқиды. Мүмкін хат жазысқан қызы да бар шығар. Хаттардың жоқ болып кетуі мүмкін емес». Бөлімше бастығының ұялы телефонға сақталған зерттеуі де тергеуге ештеңе бермеді.

Жұмағалиев «мәселені осы жерде шешпесе болмайды» деген ойға келді. Тергеу материалы бойынша, барлығы суицидке нұсқайды, бірақ шындыққа көз жеткізу үшін, оқиға орнына баруға тура келеді. Жарықтықтың әріптестерімен кездесу керек. «Ал оны өз-өзіне қол жұмсауға не итермеледі? Бәлкім, сарбаздар соған әкелген шығар? Үйден келген хаттар қайда? Неге жоғалды?» – осы ойға прокурордың көңілін мазалап тұр.

Әділжанның ата-анасына үш апта бұрын жазған соңғы хатын тағы да оқып шықты. «Менде бәрі жақсы. Ақша жіберудің қажеті жоқ. Оны қайда жұмсаймын?» Бұл сөзі де күмәнді. Жас сарбаз тәттіге құмар болмайтын ба еді? Және жеке гигиеналық өнімдерге ақша қажет. Ата-анасын аяған шығар? Прокурор кезінде қалай әскери қызмет еткенін еске алды. Ай сайын берілетін ақшалай жәрдемақы – 3 рубль 50 копейка. Ол кеңес заманда сарбаз шайханасына бір рет баруға жеткілікті болатын.

Мотоатқыштар

Шаған әскери қалашығына келгеннен кейін Жұмағалиев алдымен гарнизондық прокуратураның басшыларымен кездесті. Өйткені, олар тергеу барысын қадағалап отырды. Әскери прокурор еңбек демалысында екен, орнына орынбасары қалыпты. Бас әскери прокурордың нұсқауымен тексерудің Орталық аймаққа жүктелгеніне бұл кісі наразы болған сияқты.

– Бас әскери прокурор кенесесінен

тапсырма келді, істі бақылауға біз алдық.

– Енді бұл жерде бәрі түсінікті емес пе? Жігіт – жас сарбаз! Ал қазіргі жастардың қиындыққа шыдамайтынын өзіңіз де көріп жүрсіз...

– Түсінесіз бе, – Жұмағалиев иығын көтерді де, – бұл менің қалауым емес. Тапсырған соң, тексеру – менің міндетім! – деді бастығының сөзін есіне түсіріп.

Әскери прокурордың орынбасары дәреу Жұмағалиевті бөлімшеге ертіп келуді бұйырды.

Майор Жұмалиев өзін «дембель» қысымымен әскерге кеткен сарбаз орнына қойып көрді. Оны қорлағаны анық. Ұрып-соққан белгі болмағанына қарағанда, басқа әдіс қолданылуы мүмкін. Әрине, оларды келемежіне, жеке менмендігін басу үшін қорлайтын жұмыстарға жұмсауы да ғажап емес. Қазір «дембель» немесе «қарттардың»

лиев пен әскери прокурордың көмекшісі бөлімнің жана басшысымен бірге қайғылы оқиға болған бөлімшеге аттанды.

Қуалардан қайта жауап алу үшін бір күн қажет болды. «Қарттардың» әскерге шақырылған жігітке злал келтіргені туралы бір дерек табылмады. Сәдуақасовтың жоғалған хаттарының тағдырын ешкім білмеді. Әріптестері оған үзбей хаттар келетінін растады. Бірақ ол қайда? Белгісіз. Рас, жас сарбаздың бірі жұрттан жасырып жүрген қойын дәптерін көргенін байқамай айтты. Ал ол қайда жоғалып кетті? Білмейді. Өлде айтуға бата алмады ма?

Әскери қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу барысында аға прокурор жастарды да сөзге тартып, жұмыстан бос кезде немен айналысатынын білгісі келген. Олар ата-анасы жіберген ақшаны қайда жұмсайды? «Жіберілген ақша аға прапорщиктің қолында» деп барлығы бір кісідей қадап айтты. Ол асханаға немесе дүкенге барған кезде, қажет ақшаны сарбаздың қолына береді. Барлығын емес, тек ең қажеттісін. Содан кейін келіп, сарбаздар төлем чектерді міндетті түрде аға прапорщикке тапсырады.

«Төтенше жағдайдан кейін олардың арқаларын тазалағанын байқауға болады», – деп ойлады Жұмағалиев. Нәтижесінде бөлімше командирлері мен «қатардағылар» арасында жүргізілген сауалнама ештеңе бермеді. Қойын дәптерден сарбаздар бейхабар. Хаттар да жоғалып кетті. Бәлкім, өлім құпиясы сонда жатқан шығар. Көріші колония, енді, міне, қару, сарбаздардан ақша жинау. Бұл мәселенің түп мәні тереңде жатыр.

Жұмағалиев әскортпен бірге сарбаз бөлімшесін аралап, суицид болған жерге барды, тіпті қосалқы бөлмелерді де қарап шыққан соң, жүрегі ашырып, штабқа оралды. Бас бөлімше командирімен қоштасар алдында тексеруге қатысқандардың барлығына алғыс айта отырып, аға прокурор: – Аумақтың азаматтық полициясы қайда орналасқан? – деп сұрады.

Подполковник штаб бастығына сұраулы көзбен қарады. – Аудан орталығында ғой, – деді аға көмекші.

– Ал олардың ұрлық бойынша статистикасы бар ма?

– Білмеймін, жолдас прокурор. Әрине, бар. Өйткені, жанымызда сотталғандарға арналған колония орналасқан. Жұмағалиев бөлімше командирінің қабағын түйіп, көп сөйлесуе керекін аңғартып тұрғанын байқады. Штаб бастығының «ас ішіп кетіңіз» деген қонақжай ұсынысынан сыпайы бас тартқан ол аудандық полицияға баруға бел байлаған. Сонда да болса кешке кездесуге келіскен ол бірден аудан орталығына жүріп кетті.

Саусақ ізі...

Бір ғажабы, полиция қызметкерлері Жұмағалиевті жылы қарсы алды. Ауданда тіркелген ұрлық саны барлық рекордтан асып түсті. Көпшілігі ашылмаған күйде қалған. Оқиғалардың қарқын алғаны сонша, Жұмағалиевтің өзі таң қалды. Полицейлер оған соңғы үш айдағы ұрлық бойынша ашылмаған қылмыстық істерді қарауға берді. Анықталғандай, бірнеше жағдайда қылмыс орнында жиһаздар мен заттардан саусақ іздері табылған. Деректер базасына сөйкес, бұл «саусақтар» еш жерде тіркелмеген. Күдіктілер де анықталмаған.

Аға прокурорды тағы бір ашылмаған ұрлық қызықтырды. Онда тергеушілер пәтер еденінен металл түймесі табылғанын жазған. Ерекше ештеңе жоқ. Алайда онда сұқ саусақтың ізі болған. Куәгерлерден жауап алу хаттамасында көрсетілгендей, тонау кезінде үй иесі пәтерге оралған. Ұрлық үстіне кіріп келгенде, екі жас жігіт қарт әйелді итеріп, жүгіре жөнеліпті. Жас балалардың түрін есінде сақтамағанымен, әйел біреуінің күртесінен қатты ұстап алған. Дәл осы жерде түйме үзіліпті. Ұрылар резеңке қолғап кигендіктен, басқа іздер табылмады. Түйме де полиция дерекқорындағы үлгілерге сәйкес келмеді.

Бұл саусақ іздері бөлімше жауынгерлерінің біріне тиесілі болуы мүмкін бе? Жұмағалиевтің негізгі мазалаған сұрақ осы. Нәтижесі теріс болса да, тексеріп көру керек деп шешкен. Ең болмаса, жаны тыныш болады. Ол басқалармен салыстыру үшін осы «саусақтардың» үлгілерін беруді өтінді.

Телефон арқылы Оңтүстік аймақтың әскери прокуратурасына хабарласып, тәжірибелі криминалисті танертен Шағанға жіберуді сұрады. Кешке қарай Жұмағалиев штаб бастығы, командирімен бірге гарнизондық дәмханана көңіл көтерді. Әрине, ішімдік көп болды. Бірақ Жұмағалиев ертеңгі күні күрделі іс күтіп тұрғанын есініп, босаңсуға ерік бермеді. Келушілерге арналған бөлменің бір бөлігінде түнел шықты.

Өлтірген кім?

Танертен әскери округтің криминалистері де жетті. Әскери-тәрбие жұмысы кабинетінде таңғы астан кейін орынсыз әңгіме тумас үшін, криминалогтар бөлімнің сарбаздары мен сержанттарына таза пластикалық файлдарға салған сауалнама бланкілерін берді. Сауалнама толтырылғаннан кейін, әрбір әскери қызметкер қолындағы файлмен сарапшыларға келіп, политизлен пакетін өз саусақ іздерімен сараптама өкіліне тапсырды.

Бір жарым сағатқа созылған бұл процедурадан кейін барлық файлдарды криминалист-сарапшылар мұқият талдап шықты. Жұмағалиевке тексеру қорытындысын айтқанда, ол сәттілікке сенбеді. Пәтердегі ұрлық болған жерден табылған металл түйменің саусақ іздерінің үлгілері екінші ротаның бір сарбазының іс қағазындағы саусақ ізімен сәйкес шықты. Ең қызығы, бұл «саусақтар» өткен жолы марқұм Сәдуақасовтың қойын дәптерін көргенін айтқан жас сарбаздікі екен.

Аға прокурор Жұмағалиев табылдықтарынан аттаған жас сарбазға үңіле қарап:

– Аудан орталығындағы пәтерді неге тонадың?! – деп дауыс көтерді.

Бейшара сарбаз қорқып, жылдай басталды. Ол басқа бөлімшедегі серіктесімен бірге «қарттардың» ұрлық жасауға мәжбүрлегенін бірден мойындады. Ал мына түйме «қарттар» сыйға тартқан күртешенікі. Олар осы кімдерді киіп, аудан орталығына аттанған. Бір пәтердің құлпын бұзып, ішке кірген. Ештеңе алып үлгермей, үй иесі келіп қалған. Содан кейін қашып кеткен.

– Ал, сарбаз Сәдуақасовты өлтірген кім?! – деген майор жас сарбаздың осы бір босансып отырған сәтін тиімді пайдаланып қалғысы келді. – Білем, оған сенің қатысың жоқ, солай ма? Көзіме қара, дұрыс па?

– Мен... мен қатыспадым, – деп жылпай жіберді ол. – Бірақ түнде... Олар Әділді оятқанда: «Ол туралы бәрібір жазамын...» дегенін естіп қалдым.

– «Ол туралы» деген не? Түсіндір! – Жұмағалиевтің дауысы қатқыл шықты.

– Бұл... Білесіз бе, білесіз бе, «қарттар» бұл... Тыным болмады, зар жылатып жүрді. Ал жас сарбаздардан ақша жинайтын. Осының бәрін Әділ білді. Ол ұрлық жасаудан бас тартты. Прокуратураға әлде ҰҚК-ге жазған көрінеді. Бірақ олар бұл хатты тапты...

– Ол хат қайда?

– Білмеймін, – ол басын шайқады. – Қойын дәптерін іздеді. Бәлкім, олар өртеп жіберген болар. Әділ осы оқиғадан бұрын әскери қоймадан қару-жарақ пен патрондар ұрланғанын айтты...

– Сол себепті олар жолдасыңды дарға асып тастады ма? Сонымен, қайсысы?

– Қирбаев пен Ержанов Әділді оятты. Жабдықтау бөлмесінде «қарттар» болды. Олардың бірінің ағасы түрмеде отыр. Бұған дейін Әділдің өзі де айтқан болатын. Мен олармен араласпа дедім. Ал ол... ол тыңдамады мені...

Басы салбыраған сарбаз тағы да жылдай бастады.

Күдік

Сол күні Сәдуақасовты қасақана өлтірді деген күдікке ілінген бес сарбаз түгелдей қамауға алынып, тергеу амалдарын жүргізу үшін Оңтүстік әскери прокуратурасына жеткізілді. Сарбаздар Қирбаев пен Ержанов қылмысқа қатысқанын бірден мойындады. Бірақ Сәдуақасовтың өліміне қатысымыз жоқ деп ақталуға тырысты. Расында, бір топ «қарттар» «Прокуратураға жазған хат пен қойын дәптер қайда?» деп жас сарбазды дәретханаға апарып қорқытады. «Керек қазғандарды қолмызға бермесек, осы жерде асылып қаласың» дейді. Сәдуақасов көнбейді. Жасы үлкен сарбаздар бүгін-ертең үйлеріне амансау ораламыз деп отырғанда қол жұмсауға бата алмайды ғой деп ойлады. Сол себептен айғай-шу көтермейді. Бірақ жас жігіт қателескен еді. Сұмырайлар сарбаздың мойнына белбеу іліп, денесін ұсып қояды.

Содан кейін айдан келген хаттарды өртеп жібереді. Қойын дәптер де сол бойы табылмады. Түнімен іздемеген жері жоқ. Сәдуақасовтың компромат дәптерін «қарттар» да таппаса керек. Осыдан кейін аудан орталығындағы ұрлыққа қатысқан жас сарбаз куәгер ретінде қорғауға алынды.

Ал майор Жұмағалиев ше? Іс ашылғаннан кейін ол қойын бойында арқаға басты. Ешкім онымен әңгімелескісі келмегендіктен, ол жалғыз іштi. Күпдегі жолашушылар мас адамға менсінбей қарап, бас шайқап отырды. Ашуланған жолсерік бірінші станцияда теміржол полициясына тапсырма деп қорқытып әлек. Көз алдынан жас сарбаздың өлімі кетпеген Жұмағалиевке енді бәрібір сияқты...

Сая ИСАБАЙ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location/Name and Contact Information. Includes entries for Nur-Sultan, Almaty, Aktau, Atyrau, Mangystau, Qyzylorda, Turkestan, Batis Kazakhstan, and Aktobe.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 87089299874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5527 дана Апталық таралым 11 054 дана Тапсырыс №109 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жағнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне жарнамашы таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Күзліктегі 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31